

04.02.2022 ж. № P00010

Оқушыларды техникалық еңбекке баулу

БАЙНАЗАРОВ ТАЛГАТ ДИЛЬДАБЕКОВИЧ

Түркістан облысы .Жетісай ауданы. Атамекен ауылы

«№ 68 Жібек жолы жалпы орта мектебі» КММ.

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Мектепте сабақтан тыс уақытта жүргізілетін техникалық-шығармашылық үйірмелері өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірме. Жас техниктер үйірмесін базалық мазмұны оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өздерін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, әртүрлі салалар бойынша қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Техникалық шығармашылық үйірмелерінде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен модель түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, оған талдау жасап, жасалу, өңделу технологиясына өз ой пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Оқушы жұмысты өз қолымен істеп көреді, тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, оның қорытындысын көрсеткісі келеді. Үйірме сабағында өзін еркін сезініп, орындаған жұмыстарынан моральдық қанағат алады. Тапсырманы орындап қана қоймай, өзге оқушыларды да шығармашылықпен жұмыстануға тарта біледі.

Осылайша үйірме жұмыстарында оқушы үйренуші шәкірттен белсенді үйретуші, өзіндік шығармашылық ой-өрісі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне көтеріледі. Осы белсенділік арқасында оқушы әрбір жұмысын шығармашылық оймен жасап, зерттеп, оған жан-жақты талдау жасап, өз бағасын берумен қатар, өз бойында келешек кәсіби мамандығын да қалыптастырады.

Техникалық-шығармашылық үйірмелер оқушылардың болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерін дамытумен қатар өз-өздерін танып-білуге, техника әлемін зерделеуге мүмкіндік жасайды.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлдем жаңа міндет қойып отыр.

Бүгінгі таңда технология пәнін оқытуда мектепте оқушылар екі топқа бөлінеді. Қыздар үшін көркем еңбек, ұлдар үшін техникалық еңбек.

Қазіргі таңда республикамыздың көптеген мектептері интернет желісіне қосылған. Ұлдарды техникалық еңбекке үйрететін үйірмеде оқушыларды осы интернет желісі арқылы техниканың жетістіктерімен әртүрлі сайттар арқылы таныстыра аламыз.

Шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңа технологияларды үйірме барысында пайдаланып отырса, оқушылардың техникалық үйірмеге деген ынтасы мен қызығушылығы артатыны анық. Үйірме барысында әртүрлі әдістерді қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық қабілетін және өздігінен жұмыс істей алуын жетілдіруге тиіс. Жан-жақты қамтылған, бүгінгі заман талабына сай әдістерді пайдалана отырып, оқушыларға техникалық-шығармашылық білім беру, оқушылардың сабақта алған білімдерін тереңдету, кеңейту және бекіту «Кеме үлгісі» үйірмесінің мақсаты. Практикалық жұмыс кезінде олар техникалық құрылғы үлгілерін құрастырушылық қабілеттерін, шығармашылық ойларын дамыта отырып өз беттерінше жұмыс істей алу ептілігін дамытады.

Оқушыларға техникалық-шығармашылық білім беру мақсатында А.Құсайынов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп-балабақшасында «Кеме үлгісі» үйірмесіне жетекшілік жасаймын. Үйірмеде 5-10 сынып оқушылары сабақтан тыс уақытта шикізат түрлерінен техникалық құрылғы үлгілерін жасаумен айналысады. Практикалық жұмыс кезінде оқушылар техникалық құрылғы үлгілерін құрастырушылық қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Үйірме мүшелері алғашқы жұмыстарын шаблон үлгімен істейді, сызбалармен танысады, үлгілерді сызба бойынша жасайды. Үйірме барысында оқушы жұмысты өз қолымен істеп көреді, жұмыстың қорытындысын көрсетеді. Оқушының ой-өрісі дамып, шығармашылық шеберлігі шыңдалады.

Үйірме мүшелері белгілі бір дәрежеде, жасалынатын нысанды ойлап табудың тиімді жолдарын үйренеді. Үйірме жұмысында оқушылардың графикалық білім алуы да қарастырылған. Үйірме мүшелері алғашқы жұмыстарын қалыптағыш (шаблон) үлгімен істесе, одан әрі сызбалармен танысып, үлгілерді сызба бойынша жасайды.

Осындай жетістіктерге қол жеткізу мақсатында үйірме сабақтарында әр түрлі әдістемелік тәсілдерді қолданамын.

1. Баяндау әдісі (әңгімелеу, түсіндіру)
2. Көрнекіліктермен жұмыс (кітап, журналдар, сызбалар, суреттер, жобалар)
3. Жобалау әдісі (жаңа үлгілер жобасын сызу, техникалық суреттер салу)
4. Сарамандық жұмыс (жобалар, сызбалар, үлгілер бойынша жұмыстану)
5. Проблемалық ізденіс (оқушылар қабілетінің дамуына, ізденуіне, жаңа үлгілер жобасын жасауына жағдай жасау).

Үйірмеге алғашқы жылы қатысып отырған оқушылар алдымен қима үлгілерді (шаблон) қолдана отырып, қарапайым (автокөліктер, ұшақтар, зымырандар, су көліктері т.б.) үлгілер жасайды. Өз жұмыстарын саралап, салыстыру арқылы бағалауды үйренеді.

Үйірме жұмысының екінші жылдары оқушылар неғұрлым күрделі (жер көліктері мен су көліктерін, ғарыш кемелері мен зымыран түрлерін т.б.) техникалық үлгілердің сызбаларын жан-жақты зерттей отырып жасайды.

Ал үйірменің үшінші жылдары оқушыларымыз өздері жобалаған сан алуан үлгілерді жасаумен айналысады. Жұмыс барысында туындаған жаңа идеяларды саралап, салыстыру арқылы жұмыстарын нақтылауды, бағалауды үйренеді. Қорыта келгенде бұл үйірменің берері – оқушы бойындағы белсенділікті арттырып, өз күшіне деген сенімділік, шыдамдылық, икемділік сияқты қасиеттері пайда болады.

Оқушының ой-өрісі дамып, шығармашылық шеберлігі шыңдалады.

Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Мектепте білім беру ісіндегі басты бағдар – оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін ашу. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейде көтерілері сөзсіз. Оқушының шығармашылық белсенділігінің артуына ата-ана мен мұғалімнің қолдауы болғаны дұрыс. Бала өз жұмысын жан-жағындағыларға көрсетуге ұмтылады. Сол кезде оны ересектер дұрыс бағалап, қолдау көрсетіп, дұрыс бағыттау керек. Бала бойындағы байқағыштық қабілетімен қатар шыдамдылық та мол болғаны дұрыс.

Оқушыларды техникалық еңбекке баулу, яғни еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Оқушыға дұрыс бағыт берсек, шығармашылық жұмысына еркіндік беріп, нәтижесін көрсете білсек, еңбектің әр кезде, кез келген істе өтемі болатынын, еңбексіз ешнәрсеге қол жеткізе алмайтынына оқушының көзін жеткізсек көздеген мақсатымызға қол жеткіземіз

04.02.2022 ж. № P00011

**Ерекше білім беру қажеттілігіне ие
балаларға білім беру ерекшеліктері**

БАТЫРБЕКОВА ЖИБЕК ТИЛЕУХАНОВНА

*Түркістан облысы Арыс қаласы "N32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары*

Күнделікті мәселелер, өмірдің тауқыметі, қоғамның өзгеру деңгейлерінің жылдам алмасуы бізден жоғары белсенділікпен қатар алға ұмтылуды, ізденімпаздықты және де үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Қазіргі аласапыран әлеуметтік дамуында, құндылықтар мен әлеуметтік нормалардың өзгеріп, отбасында ата-ана, ата-әжеден берілетін тәрбиенің ықпалы азайған заманда балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдаудың маңызы уақыт өте келе сұранымды қажет ететіні белгілі. Педагог пен баланың қарым-қатынасындағы ұстанымдар мен парадигмалар да өзгереді: «оқушы мен оқытушы» орнына, «адам мен адам» парадигмасы қалыптаса бастады. Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл – баламен кеңесе отырып оның қызығушылықтарын, белгілі бір мақсаттарға жетуде алға қойған ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсетіп, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отыра, оқу мен оқытуда өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеп, жақын араласатын дос табуына көмектесу болып табылады.

Ендігі кезекте ерекше балалардың ата-аналарына психолог тарапынан берілетін келесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы **психологиялық кеңесті** алып қарасак:

1. Баланың берген жауабына шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз. Балаңыздың жеке бөлмесі не бір бұрышы болуына жағдай жасаңыз.
3. Балаңыздың шашылып жатқан үстеліне ұрыспаңыз, егер ол шығармашылық іс — әрекетпен айналысып отырса.
4. Шешім қабылдауда өзіндік жеке жоспар құруына көмек көрсету.
5. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
6. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
7. Отбасымен шешетін мәселелерге балаңызды қатыстырып, оның жеке басының ой-пікірімен санасыңыз.
8. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
9. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.

10. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынам жасауға үйретіңіз.
11. Қиын нәрселерді тауып және оны өз бетімен, жауапкершілікпен шешуге балаңызға көмек көрсетіңіз.
12. Балаңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
13. Балаңызбен бірге әңгімелер, ертегілер, фантастикалық оқиғалар құрастырып, баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасаңыз.
14. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.
15. Балаңыздың алған негізгі ісінің ойдағыдай орындалуына сеніміңіз болмаса да, сол істі өзі аяқталуына жағдай жасаңыз.
16. Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз.
17. Істеген жұмысының нәтижелі болуына көмектесіңіз.
18. Баланың қойған талабына ерекше көңілмен қараңыз.
19. Балаңыздың өткір ойлығына сеніп, әрдайым сенім артыңыз.

Ерекше балаларға ата-аналар тарапынан психикалық зорлық көрсеткені де бала денсаулығына зор ықпалын тигізеді. Психикалық зорлық көрсетпеу туралы ата-аналарға психологиялық кеңес беру , оларды күнделікті өмірге тарту ата-анаға түсіндіретін де , ұйым мен отбасының бірлескен қарым-қатынасын жүзеге асыратын да педагог мамандар, яғни сіз бен біз.

Бала – бұл әрбір жас кезеңіне тән өзіндік морфологиялық, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері бар, үнемі өсу және даму үстіндегі организм. Әр бала, өз өмірінің әртүрлі кезеңдерінде, әлеуметтік жағдайына қарамастан, өзінің де қалауынсыз түрліше қиын жағдайларға тап болып әртүрлі деңгейдегі көмекке, қолдау мен қорғауға мұқтаж болуы мүмкін.

Бала үшін отбасы – бұл, оның дене бітімінің, психикасының, мінезқұлқының және интеллектісінің жақсы қалыптасып, дамуына ыңғайлы жағдайлар жасайтын орта. Әлеуметтік институт ретінде, отбасының бала өмірі мен тәрбиесі үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ете алмауы, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың пайда болуына әкелетін басты факторлардың бірі болып саналады. Жалпы әлемдік тәжірибедегі инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жекелей оқыту ұстанымын жүзеге асыруға негізделген. Білім беруге ерекше қажеттіліктері бар балаларға мыналар жатады: - мүмкіндіктері шектеулі балалар; - мигранттардың, оралмандардың, босқындардың, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар; - қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар). Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінде қолдаудың әр түрлі модельдері әзірленіп,

оның инфрақұрылымдары қалыптастырылуда.

Инклюзивті білім беру көп қырлы үдеріс, ол білім беру жүйесіндегі барлық құрамдастардың қосылуын талап етеді. Өткізілген мониторингтік зерттеудің нәтижелері бойынша республика аймақтарында, жалпы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосуда оң динамика орын алып отырғаны туралы қорытынды жасауға болады.

Инклюзивті білім берудің кеңінен етек жайып, дамуындағы бетбұрыстары инклюзивті білім беруді іске асырып отырған білім беру ұйымдары секілді үдеріс қатысушыларының синхрондық жұмысындағы және олардың қызметін аудан, қала, облыс деңгейінде үйлестірудегі қажеттіліктерді көрсетті. Жалпы, Қазақстан бойынша инклюзивті білім берудің орын алып отырған үлгілеріне, сонымен қатар Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарындағы және эксперименттік алаңшалардағы қызметке жүргізілген талдау республикамыздағы инклюзивті білім берудің келешектегі дамуы үшін білім басқармаларының қызметіндегі жүйелілік және мақсатқа бағынушылық, елде инклюзивті білім берудің жергілікті енгізілуіне және дамуына ықпалын тигізетін ресурстық орталықтардың құрылуы, оларды ақпараттық, ғылыми-педагогикалық, материалды-техникалық және өзге ресурстарын үйлестіру және интеграциялау (кіріктіру); – ерекше білімділік қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру үдерісіне қарқынды қосылуын қамтамасыз ететін механизмдерді жетілдіру, жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру кабинеттерін құру және қолдау, ерекше білімділік қажеттіліктері бар, үйде білім алатын балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосудағы тәжірибені инклюзивті білім берудің бір үлгісі ретінде зерделеу, инклюзивті білім берудегі терминологияны жетілдіру жолдарында оқытудағы жақсы нәтижелер берері анық. Инклюзивті білім беруді дамыту үшін, жалпы білім беру және арнайы білім беру ұйымдарының, мемлекеттік басқару органдарының және қоғамның басқа да әлеуметтік институттарының жүйелі және өзара байланысты жұмысындағы қажеттілік бар. Одан басқа, инклюзивті білім берудің дамуындағы маңызды кезең ретінде Ресурстық орталықтардың қызметін инклюзивті білім беру үдерісіне қолдау көрсету және елдегі білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берудің тиімді үлгілерін таратуда кеңейту шығады.

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Ерекше оқытуды қажет ететін баланы әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу және ортасына бейімделуін қалыптастыру. Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Егер педагог әрбір ұйымдастырылатын іс-әрекет, іс-шаралардың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, алынған материалдарын игертіп қана қоймай, балаларға (экскурсия барысына есеп беру, әңгіме жазу немесе бір оқушының әрекеттерін сипаттау) т.б. тапсырмалар жүйесін дайындап берілген тапсырмаларды орындауға дағдыларын қалыптастырумен шұғылданса бұл ерекше балаларды өз ісіне, жұмысына асқан жауапкершілікпен сезіне бастауды үйретеді. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдау – инклюзивті білім беру жүйесінде баланың тәрбиесіне, оқу процесіне, жан - жақты дамуына, әлеуметтенуіне, бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған кәсіби белсенді жүйе.

Жүсіпбек Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген екен. Олай болса, өз мамандығын шексіз сүйе білген маман иесі ғана үздіксіз ізденіс пен асқан шыдамдылық, қажырлы еңбектің арқасында баланың біліміне, оның болашағына үлкен сәулесін түсіріп, бала өмірін дұрыс бағытқа бағыттары сөзсіз.

04.02.2022 ж. № P00012

Баға. Сан. Құн. Ұлттық кәдесыйлар дүкенінде

ДУЙСЕМБЕКОВА КАРГАШ ЕЛЕУОВНА

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ақтасты ауылы

№ 32 ЖББМ. Бастауыш сынып мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 3В тарауы: Көбейту және бөлу. Есептер		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	2.5.1.2 – Есептерді шығару барысында «баға», «мөлшер» (сан), «құн» шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану	
Сабақтың мақсаты	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: «баға», «сан», «құн» ұғымдарын біледі. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Есеп шығаруда «баға», «мөлшер» (сан), «құн» шамаларының арасындағы тәуелділікті пайдалануды, 200, 500 теңгелік купюролар мен монеталарды ажыратуды және олармен түрлі операциялар жүргізуді біледі. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: «Баға», «мөлшер» (сан), «құн» ұғымдарына байланысты есептер құрастырады және шығарады.	
Бағалау критерийлері	Есептерді шығару барысында «баға», «мөлшер» (сан), «құн» шамаларының өзара тәуелділігін пайдаланады.	
Тілдік мақсаттар	«Баға», «Сан», «Құн»	
Құндылықтарды дарыту	Еңбексүйгіштікке, үнемділікке тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыстар	Музыка, қазақ тілі, көркем еңбек, дүниетану	
АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақтадан теңге туралы бейнефильм қарау, сергіту сәтіне әуен қосу	
Бастапқы білім	Теңге, купюра, монета және қағаз ақшаны ажырата алады.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру Оқып, білім аламыз, Біз көңілді баламыз. Математика пәнінде Тапқыр, алғыр боламыз. Топқа бөлу. «Баға», «Сан», «Құн» топтарына бөлінеді 3 оқушыға 500, 200, 100 теңгелік купюралар мен монета беріледі. Сол 3 оқушы қалған оқушылардың қолдарындағы купюралар мен монеталардан өз қолдарындағы купюраларды жинақтайды. 1-топ «Баға» (500 теңгелік купюра=100,100,100,100,50,50) 2-топ «Сан» (200 теңгелік купюра=50,50,50,20,20,10) 3-топ «Құн» (100 теңгелік монета=20,20,20,20,10,10) Сабағымыздың шарты: Тәртіп.Шуламау. Қол көтеріп қана жауап беру. Бірімізді біріміз тыңдау, сыйлау. Уақыт лимиті	Теңге, монета суреттері  A4 ілініп тұрады.
Ортасы	Ой қозғау. - «Баға», «Сан», «Құн» сөздерінің бір-бірімен қандай байланысы бар? - Ақша не үшін қажет? - Еліміздің валютасы қалай аталады? - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге деп аталады. Елбасымыздың 1993 жылғы 15 қарашадағы жарлығымен айналымға енгізілді. Суретпен жұмыс - Арман қайда келді? - Дүкеннен не алды? - Бір қарындаш бағасы қанша?	Оқушылар өз ойларымен бөліседі.


- Бағасы- 20 тг.
- Неше қарындаш сатып алды?
- Саны- 2
- Сатып алған 2 қарындашқа неше теңге төледі?
- $20+20=40$ (тг) $20 \cdot 2 = 40$ (тг) Құны: 40(тг)
- $Қ = Б \cdot С$

Бағасы	Саны	Құны
20 тг	2	?



Сатып алынатын заттың құнын білу үшін, тауардың бағасын оның санына көбейту керек: $Қ = Б \cdot С$

Бағасы	Саны	Құны
20 тг	?	40



Сатып алынған заттың санын білу үшін, тауардың құнын бағасына бөлу керек: $С = Қ : Б$

Бағасы	Саны	Құны
? тг	2	40



Тауардың бағаасын білу үшін, құнын тауардың санына бөлу керек: $Б = Қ : С$

Жүппен жұмыс. Кесте бойынша өрнектер құрастырып, мәндерін табады.

Тауар	Бағасы	Саны	Құны
Қарындаш	5 теңге	6 дана	? теңге
Дәптер	? теңге	3 дана	27 теңге
Өшіргіш	8 теңге	? дана	24 теңге

Тақтада формулалары А4 ілініп тұрады.

Оқулық , дәптер, қалам.

Дескриптор:

1. Заттың құнын табады
2. Заттың бағасын табады
3. Заттың санын табады

«Кәдесыйлар дүкені» ойыны

Оқушылар қағаздан киылған ақшалар мен монеталарды пайдаланып, сөредегі кәдесыйларды сатып алады.

- Кәдесый дегеніміз не?


Дескриптор:

1. Қандай қағаз ақша және монеталармен жинауға болатынын айтады.
2. Ақшамен төлем жасауды біледі

Топтық жұмыс.

Кесте бойынша есептер құрастырып, оларды шығар.

1-топ

Болғаны	Сатып алынды	Қалды
	 600 тенге	? тенге

2- топ

Болғаны	Сатып алынды	Қалды
	 300 тенге	? тенге

3-топ



Тақтада 500, 200, 100, 50 теңгелік купюра мен монеталар және киіз үй, домбыра, қуыршақ, түйе және қобыз суреттері ілініп тұрады.

Оқулық, постер, түрлі түсті қарындаштар.

	<table border="1"> <tr> <th>Болғаны</th><th>Сатып алынды</th><th>Қалды ?</th></tr> <tr> <td>  </td><td>  700 теңге  200 теңге </td><td>?</td></tr> </table> Жеке отырып шығарады. Сергіту сәті Әуенге билейді. Жеке жұмыс. Теңдеулерді шеш. $85-x=35$ $27+y=92$ $61-x=12$ «Ыстық орындық» әдісі арқылы тексеру «Бинго» ойыны. Деңгейлік тапсырмалар Джекпот ұтып алған оқушы марапатталады. 	Болғаны	Сатып алынды	Қалды ?		 700 теңге  200 теңге	?	Ыстық орындыққа арналған орындық Түрлі түсті қағаздан қиылған бинго лотереясы
Болғаны	Сатып алынды	Қалды ?						
	 700 теңге  200 теңге	?						
Соңы	Қорытынды. «Цифрлы диктант» Оқушының аты-жөні: _____ Цифрлы диктант (Дұрыс тұжырымға – 1, дұрыс емес тұжырымға – 0) 1. Заттың бағасын табу үшін заттың құнын санына бөлу керек ____ 2. Заттың құнын табу үшін заттың санын бағасына көбейту керек ____ 3. Заттың санын табу үшін құнын бағасына көбейту керек ____ Бағалау «Кәдесыйлар» арқылы Оқушылар сабақ бойына жинаған кәдесыйларын санайды.	Қағаздан қиылған карточка						

	Рефлексия Смайликтер арқылы білдіру Керемет – барлық тапсырмаларды қатесіз орындаған Жақсы - аздап кемшілік жіберген Талпын - әлі көп жұмыс жасау қажет Үйге тапсырма: №4	
--	---	--

04.02.2022 ж. № P00013

Көркем еңбек сабақтарында ұлттық ою-өрнектерді оқыту әдістері

ТОКСАНБАЕВА РАУШАН АБДИМОМИНОВНА

Шымкент қаласы С.Көбеев атындағы

№ 56 жалпы орта мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазақ халқы өнерлі халық болғандықтан, өнерін жоғалтпай өзінің ісін, өмірін жалғастыратын шеберлі өнерлі ұрпақ тәрбиелеп өсірген.

Ал қазіргі күнде жастарды өнерге, шеберлікке үйрету, ұлттық тәрбие беру технология пән мұғалімдеріне жүктелген. Халқымыздың сарқылмас бай қазынасы, рухани мұрасы болып табылатын қазақ қолданбалы өнеріне деген алғашқы негізі, ұлттық мәдени құндылықтарға баулу ісі мектептегі бейнелеу өнері пәнінен басталатыны белгілі. Осы тұрғыдан бейнелеу өнері пәнін мектепте оқытудың негізгі мақсаты қоршаған орта әсемдігін көру, сезіну, қабылдау қасиеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін жетілдіру, көркемдік қаракеттерді өз бетімен орындауға үйрету болып табылады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиесіне баулу арқылы өз ұлтымыздың ұлттық қолөнеріне үйрету – оқу тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Қолөнерге оқушыларды баулу өз елін, жерін, халқын сүю, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді.

Қай халықтың болмасын қолөнері, оның тарихынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен қатар өркендеп, дамиды. Сондықтан жас жеткіншектерді халқымыздың мазмұнға бай тәрбиесі негізінде өсіруге, ой-өрісін, жоғары эстетикалық тағлымын, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қолөнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ақыл-ойы, қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы және байқағыштығы артып, дағдыландырады.

Қолөнерді оқыту әдісі дегеніміз — мұғалімнің технология сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне басшылық ету тәсілдерінің жүйесі. Қазақ халқының ұлттық өнерін, тарихын көптеген ғалымдарымыз Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ғ.Иляев, А.Ғалымбаева, А.Мұқанов және т.б. зерттеп көптеген еңбектерін жарыққа шығарған. Еңбек сабақтарында оқушыларды қолөнеріне баулу және сәндік қолданбалы өнер негіздері бойынша М.Қозыбақов, Ш.Әбдуалиева, С.Жолдасбекова, Б.Ортаев, т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Технология сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрге тәрбие берудің артықшылығы көп. Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулумен қатар ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы. Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы шығармашылықпен іске кіріседі.

Қазақ қолөнер көркем мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Бұл өнер ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін тұрмыста қолданып келеді. Қазақтың ұлттық өнерімен таныстыру негізінде бала айналадағы дүниенің қимыл-қозғалыстарының алуан түрлі реңін түсінеді. Балалардың өнер туындыларымен бірге үнемі байланыста болуы рухани-өнегелік, эмоционалдық-сезімдік дамуының және шығармашылық мүмкіндіктерінің қалыптасуының негізгі тірегі болып келеді. Оқушылар бейнелеу өнері, ән-күй; құрастыру және қол еңбегі, көркем әдебиет сабағында және ертеңгілік-тер мен ойын-сауықтар барысында халқымыздың ұлттық өнерімен танысып, көркем талғамын, өзіндік дүниетанымын қалыптастырады.

Қазақстандағы мектеп оқушыларының көркем мәдениетін қалыптастыруда ұлттық өнердің ерекшеліктері мынадай міндеттерді алға қояды:

— қолданбалы және бейнелеу өнерінің мәнерлеу тілін меңгеру арқылы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыру;

— қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда бағалауға қажетті білім қалыптастыру;

— бейнелеу өнері сабақтарында оқушының шығармашылық қарекеттерінің потенциалын жетілдіру;

— оқушылардың ұлттық өнерге деген мақтаныш сезімі мен елжандылығын қалыптастыру. Оқушыларға халық шеберлері-ағаш шебері, ұста, зергер, тоқымашы, кестеші, өрмек тоқушы т.б. таныстыра отырып, олардың қолынан жасалған бұйымдар туралы мағлұмат беру балалардың білім деңгейлерін жетілдіре түседі. Қазіргі кезде сол ұлттық қол өнерді жас ұрпақтың бойына дарытын, үйрететін мектептерде жүргізілетін еңбек пәні.

Олай болса «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, дамытуда, қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие құралдарын (тіл, дін, өнер, үлгі-өнеге) орнымен пайдалану бүгінгі күн үшін де өте маңызды. Балалар ағаш шебері ағаштан түйін түйетінің, ұста темірден жасалатын бұйымдарды соғатынын, зергер әшекей бұйымдарды жасайтынын, тігінші киім тігетініні жөнінде мағлұмат алып, ұлттық бұйымдардың жасалу ерекшеліктерімен танысады.

Еңбек арқылы адамның денесі, көзқарасы, эстетикалық және ақыл – ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы арта түседі. Балалар мен жастардың еңбек тәрбиесі ежелден – ақ ата – ана парызы, бүкіл халық міндеті болды. Қайсыбір қолөнер шеберін алсақта олар өздерінің жасаған бұйымдарын түрлі ою-өрнектерімен әшекейлейді. Әдемілік пен әсемдікке құштарлық адамзатқа тән. Көркем бұйымдар мен зәулім ғимараттар — көз қуанышы. Ол жанды сергітеді. Ежелгі адамдар жын – шайтаннан қорғану және өзін — өзі сәндеу үшін тәндерін нақыштап, киімдерін әшекейлеп, үйлеріне тұмар іліп қоятын. Осының нәтижесінде ою — өрнек пайда болды. Ою — өрнек латынның «ornamentum» сөзімен мәндес. Оның аудармасы әшекей, өрнек, бедер деген мағынаны білдіреді. Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген Қолөнерден білім берудің әрбір түріне тоқтайтын болсақ : Құрақ-құрау өнері Бүгінгі күнде ата-бабамыздың айналысқан қандайда бір кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған. Қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр.

Құрақ құрау барысында оқушылардың ой-өрісін жанжақты дамытуға әсері мол. Құрақ құрауда оқушылар түрлі геометриялық фигураларды басын құрастыруды игеріп , үшбұрыштың қабырғасы мен төртбұрыш таңбасының бір-біріне тең болуын, өлшемі арасындағы байланыстылықты есептеуді үйренеді. Ою өрнек — қолөнер бұйымдары бүгінгі тұрмысымызда сирек қолданылатындықтан, оқушылар оның атын естігеннен көп есте сақтамайды, сондықтан оюдың шығу тарихын, аңыз- әңгімелер арқылы жеткізе отырып, тәжірибиеде жиі қолдануымыз керек . Ою оя білген оқушы шеберлікке, өрнекті матаға үйлесімді, сәйкесті орынды қолдануға үйренеді.

Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер — су, көшіп — қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою — үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жана түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Ою- өрнек жасауда өзіндік қағидалары бар. Олар: композиция, колорит, симметрия, ритм. Композиция дегеніміз өрнекті бұйымның бетіне реттеп орналастыру. Колорит дегеніміз ою- өрнектің бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасым табуы.

Осы жерде әр түстің нышаны бар. Мысалы, көк түс — аспанның, қызыл түс — оттың, ақ түс — ақиқаттың, сары түс — ақыл-парасаттың, жасыл түс — жастықтың, көктемнің символы. Симметрия дегеніміз — ою-өрнектің екі жағының тең болуы. Ритм дегеніміз — ою-өрнекте бір элементтің қайталанып келуі деп атайды. Кесте — қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Ертеде халқымыз киімде, үй тұрмысында қолданатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Бүгінгі күнде кесте өнерін ұлттық киімдерде және ұлттық бұйымдарында ғана қолданылады. Кесте тігу барысында төзімділікті, шыдамдылықты талап етеді және адам бойына, әсіресе, бойжеткендерге сабырлы, ұқыпты, зерделі мінез-құлық қалыптастыруда кесте өнерінің тигізетін пайдасы көп деп айтуға болады. Кесте және көркемдеп тігу ою — өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі.

Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш — ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар

Тоқу өнері — қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жасалып, жылылыққа, сұлулыққа, әсемдікке жетелеуде. Тоқумен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін ғана тоқымайды. Осы тоқу әдісінің өзі оған қуаныш әкеледі. Себебі, түрлі-түсті бояулар әлемінің үйлесімділігі, алуан сән мен фасондар шеберлігін, ой-өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Тоқыма тоқу кезінде адамның көңіл-күйі сабасына түсіп, бір сәт өзімен-өзі болып, шаршағаны басылады.

Әрі еңбек, әрі ермек. Оның үстіне мынадай қымбатшылық заманда өз киімін өз тоқып алса, ол да әжептеуір үнем. Әшекейлерді түсіре білу — үлкен өнер. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейді. Тіпті күнде ине ұстап, киім тігіп отырғандардың өзі әшекейлеуге келгенде шорқақтық танытады. Бұл заңды да, өйткені әшекей салу — өнер. Әшекейлеудің түрлері көп. Зергерлік — өте ерте заманнан келе жатқан өнер.

Алтын — күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілерді зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден — ақ қалыптасқан. Қазақ шеберлер зергерлік өнерін біліп бірақ алтын — күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе ол күйінде пайдаланған.

Олар – бұрау, көз салу, жону, бастыру, бедерлеу, өру, теру, кестелеу, сызу, құю, бояу, зерделеу, жапсырмалау, бисірлеу сияқты өрнек үлгілерінің үй тұрмысында, өнеркәсіпте, құрылыста, мәдениет саласында, сәулет өнерінде жалпы әлем өнерінің дамуында қолданылмайтын, іске аспайтын жері жоқ. Соның ішінде көп кездесетін түрі – кестелеу, жапсырмалау, бисерлеу өнері. Бисер тоқу өнері ертеде кеңінен тарап, танылып келе жатқан халық шығармашылығының және әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға болады. Мысалы, тұмарша, ұлттық сөмкелерді, әмиян, ұлттық қоржын, алқа, шашбау, қазіргі кезде ұялы телефондарға арналған қапшықтарды әшекейлеп тігеміз. Бисер тоқу өнері нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Әр адам бисер тоқумен айналысуына болады. Сызбамен жұмыс істегенде есте сақтау қабілеті жоғары болып, түстерді үйлесімді орната білуге үйретеді. Бисермен жұмыс істегенде жұмыс істейтін орын жарықпен жақсы қамтамасыз етілу керек. Көзге демалыс беру үшін 5-10 минут үзіліс жасау тиімді. Бисерді таңдау – үлкен жұмыс. Олардың өлшемдері, түстері әр алуан. Сондықтан тігілетін бұйымға байланысты маржан моншақтың қандай түрін, қанша мөлшерде алуды, қандай түсін таңдауды, тігілетін мата түрін, ине, жіпті тандай білу қажет. Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борады, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді.

Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі — халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады. Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді.

Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі.

04.02.2022 ж. № P00016

Бастауыш сыныптарда оқытудың жаңа технологиясын қолдану

ТОЛЕГЕНОВА ЖУЛДЫЗ ИТЕМГЕНОВНА

Ақтау қаласы № 28 "жалпы білім беру орта мектеп" КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде. Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар:

- баланы оқи білуге үйрету
- баланы ойлауға үйрету

баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. **Әр педагогтың міндеті-** оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

Бұл технология несімен өзіне баурап алғандығын бірнеше сұрақ- жауап ретінде бергім келіп отыр.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы немен қызықтырады?

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар?

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығышылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/ .

- Негізгі үш кезенінің маңыздылығы.
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға , жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы,ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. **Біздің міндетіміз** – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда **Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс- тәсілдерін қолданамын:**

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау,арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/
 - Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе,шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/
 - әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Вендиagramмасы, аялдамамен оқу стратегиясы/
 - Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/
 - Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы
 - Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/
 - Өлең шұмақтарын құрастыру / 5 жолды өлең/
- «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» қолданып жүрмін.
«Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгертудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт.

Әр оқушыда өзін – өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету, дамудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
2. Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.
5. Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:

- Сабаққа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

Өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет. Тек сонда ғана олар:

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?
- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы білетініме сәйкес пе?
- Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті, -деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Өз іс-тәжірибемде сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін.

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының басты ерекшеліктерін сабақтарымда қолданылу жолдарына тоқталмақмын.

Балалардың қызығушылықтарын ояту мақсатында сөзжұмбақ шешіліп, бүгінгі күннің тақырыбын оқушылар өздері анықтады.

1. «Болжау» стратегиясы
2. «Екі жақты күнделік» стратегиясы
3. «Топтастыру» стратегиясы
4. «Әдебиет үйірмесі»
5. «Бес жолды өлең» стратегиясы

1-ші «Болжау» стратегиясы.

Оқушылардың алдына әңгімеден үзінді беру. Яғни, оны оқушылар ары қарай жалғастырып оқиганы немен аяқталғанын өз ойларымен жеткізеді.

2-ші «Екі жақты күнделік» стратегиясы.

1. Мәтіннен өздеріне әсер етіп ойында қалған үзіндіні жаз.
2. Қысқы мезгілдегі табиғаттағы тіршілік
3. Жылқышының еңбегі

3-ші «Топтастыру» стратегиясы.

«Қыс мезгілі» сөзін оқушылар қағаз бетіне түсіреді.

4-ші «Әдебиет үйірмесі»

- Шағын әңгіме «Қыс мезгіліндегі тіршілік»
- «Қызықты қыс еліне» суретті аяқта

5-ші «Бес жолды өлең» стратегиясы

1. Зат есім (1 сөз)
2. Сын есім (2 сөз)
3. Етістік (3 сөз)
4. Қорытынды ой (4 сөз)
5. Зат есімге жуық мәндес сөз (1 сөз)

Ал сабақтың нәтижелігін көрсететін кезеңнің бірі -бағалау. Балаларды ынталандыру мақсатында формативті бағалаудың орны ерекше. Өйткені, әр топ қорғаған сәтте оқушылардың бір- бірін қошеметтеп, күш жігер беріп отыратындарын көргенде көз қуантты. Топ басшылары өз топтарындағы балаларды бағалайды.

Қорыта келгенде. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық

қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздіңше, тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденісі.

Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық ,нақты және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді.Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

01.02.2022 ж. № 000073

Тәрбиешінің тұлғалық бейнесі

БЕКИМОВА ДАНАГУЛЬ ТЕЛТАЕВНА

Алматы қаласы А.Жұбанов атындағы ДБАРҚМ

музыка мектеп интернаты. Тәрбиеші

Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын ұйымдастырады. Ал бөбекжай мен балабақша тәрбиешісі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді, мектепке даярлайды, отбасына көмектеседі. Тәрбиеші балалардың жақын досы болуы керек, ал еркелетуге сақтықпен қараған жөн. Бір баланы еркелету басқа балалардың қызғанышын тудырады. Дегенмен, балаларды еркелету де қажет. Тәрбиеші өз талабына ұқыпты болуы қажет. Бала тек адамның жеке басының тікелей тигізетін әсері арқылы ғана тәрбиеленеді. Балабақша тәрбиешісі жас ұрпақты жан-жақты дамытып тәрбие беру, оны өмірге еңбекке даярлауда педогогикалық білімді көпшілік арасына насихаттау сияқты әрі жауапты, әрі қадірлі қоғамдық міндеттер атқарады.

Балабақша тәрбиешісінің міндеттері:

- а) Балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз етеді;
- б) Өз тобындағы әрбір баланың қызығуы мен қажетіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарайды;
- в) Балалардың денсаулығын сақтауға, қорғауға байланысты дәрігер талабын орындайды;
- г) Балаларды отбасында, балабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- д) Аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктерде, балабақшада педогоикалық кеңестің жұмысына қатысады;
- е) Балалармен жүргізілетін өз жұмыстары туралы жоспар құрады, есеп береді, әрбір сабаққа ұқыпты дайындалады. Балалар тобын тәрбиеші мектепке шығарып салғанға дейін жетелейді.

Тәрбиеші жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптасытра алатын, адамгершілік жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оның түсіндіре алатын адам болуы керек.

Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші- әдептілі, қоғамдық орындарда өзін сыйпайы, еркін ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртіпті, сүйкімділігі, адамдар мен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі зор болады.

Тәрбиешінің жеке басының үлгісі- жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себеппен де ол үнемі жинақты, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жамандыда тез қабылдайды.

Тәрбиешіге қойылатын талаптар:

- Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын жөнге салып, балалар іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек;
- Арнаулы білім, білік пен іскерлік- дағдыны меңгеруі керек;
- Баламен еркін, жақын тарта сөйлесе білуі керек;
- Ол өзінің көзқарасымен, ым-ишарасымен де өз ойын балаға жеткізіп, түсіндіре алуы керек;
- Жұмысты ұйымдастыра білет, тиісті жерінде қатал талап қоя алатын болуы, кейде әзілдесіп, тиісті жерде көңіл аудару алатын болуы шарт;
- Тәрбиешінің әрбір қимылы, жүріс-тұрысының өзі балаларға өнеге, тәлім – тәрбие берерліктей болуы тиіс.

Жаңашыл педогог Ш.А.Амонашвили тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педогог- тәрбиеші әріптестеріне мейрімді, жылы шырайлы, ықыласты болуы керек, әріптестерімен қарым қатынас жасаудың әдебін, дауыс сарынын, жылы үнін игеру керек, әріптестерінің табысына қызғанышпен, күншілдікпен қарауға құқы жоқ, әріптестерімен өз тәжірибесін бөлісуге міндетті, әріптестерінен үйренуге ұялмауы керек, әріптестеріне жоғарыдан менсінбей қарауға құқы жоқ, әріптестерінің ар-намысын, атақ-даңқын сақтауы керек, балаға байланысты отбасы құпиясының бәрін білу керек, бірақ оны ешкімге шашпауы тиіс.

Тәрбиеші –педогогтың бейнесі:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру мазмұны, әдіс-тәсілдерін жетік білуі. Материалды түсінікті жеткізе білу.

2. Сабақты өткізу әдістемесі.

Балалардың оқу тәрбие жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра білуі және баланың іс-әрекетін дұрыс бағалай білуі;

Тәжірибелік білім-білік дағдыларды қалыптастыра білуі.

Өзінің іс-әрекетін сыни тұрғыдан бағалай білу қабілеті:

Кәсіби біліктілікті жетілдіре білу қабілеттілігі;

Балалармен дұрыс қарым-қатынас орнықтыра білу;

Ата-аналармен тіл табыса білу;

Сөйлеу мәдениеттілігі.

3. Балаларды арнайы қарапайым білім негіздерімен қаруландыру және дұрыс сөйлей білуге үйрету:

Өзінің эмоциялық көңіл күйін басқара алуы;

Байланыстырып сөйлеуге үйрете алу;

Балалардың сөздік қорын молайтуға көмек көрсете алуы;
Педогоикалық терминдерді дұрыс , тиімді пайдалана білу дағдысы.

4. Жас ерекшелігі психологиясы туралы білімі:

Балалардың басым көпшілігінің қызығушылығын туғыза білу ;
Балалардың өздігінен дербес әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;
Жеке-дара оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдалана алуы.

5. Жаңа технологиялады пайдалана білу:

Қазіргі іс-тәжірибелерді пайдалана білуі;

Білім беруді дамыту бағыттарын айқындау білуі.

Тәрбиешінің өз қызметінде жетістікке жетуінің шарттары:

Сабақтан тыс пәндер туралы ақпараттармен қамтамасыз етуі

Сыртқы кескін-келбеті.

Мінез-құлық және пайымдау мүмкіндіктері.

Оқу тәрбие процесіндегі қарым-қатынас мәдениетін сақтай білу.

Педогоикалық талаптарды орындай білу.

Әзіл-қалжыңға мән бере білу.

Балалардың жеткен жетістігін мақұлдай , қолдай білуі.

Балалармен қарым-қатынас мәдениетінің болуы.

Шыдамдылық және төзімділік.

Басқалардың пікірін сыйлай білу.

Балалардың құпия сырын сақтай білу.

Басқа адамдарды түсіну және сөзіне білу қабілеттілігі.

Еркіндік, икемділік .

Табан астындағы тосын іс-әрекетке әдіс-тәсіл қолдана білуі.

Байқампаздығы, бақылампаздығы.

Кез келген жағдайда қарым-қатынас жасай алуы.

Балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.

Тәрбиешінің бойында болатын маңызды сапалары: ақылдылығы,
қайырымдылығы, мәдениеттілігі, білімділігі, кәсіби шеберлігі, балаларға деген
сүйіспеншілігі, тәртіптілігі, шығармашылық қабілеттілігі, белсенділігі, жан
жақты қызығушылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, бір нәрсемен шұғылдану,
зиялылығы, әзіл-қалжыңға бейімділігі, басқаны тыңдай білуі, талдау жасай білу
қабілеті, еңбексүйгіштігі, мейрімділігі, әділдігі, ашықтығы, шыншылдығы,
әділеттілігі, әдептілігі, жақсылық жасай білуі.

Тәрбиешінің педогоикалық шеберлігі тәрбие жұмысының әрбір кезеңінде не
істейтінін, не үшін істейтінін, қандай нәтижеге жеткісі келетін саналы, анық
және дәл білуіне байланысты болмақ. Шебер тәрбиешінің бөлмелерді
педагогикалық және эстетикалық талаптарға сай жабдықталуы, тәрбие
жұмысына қажетті көрнекі құрадарының түгел болуы, педогоикалық мақсатқа
сәйкестелінген болуы шарт. Олардың өз орнында тұруы жемісті еңбек етуге

жағдай жасайды. Шебер тәрбиешінің негізгі қасеттерінің бірі- педагогикалық әдептілік. Педагогикалық әдептілік бала психологиясын және оның жас ерекшеліктерін жете білуді талап етеді. Әдептіліктің қайнар көзі- балаларды сүю және қадірлей білу. Педагогикалық әдептіліктің бір көрінісі – шамамен сезу қасиеті. Сонда тәрбие әдістерінің көпшілігі нәтижелі болады. Қолайлы әдісті таба білу шеберлік пен әдептіліктің көрінісі. Шеберлік үйретумен, үйренумен, өз ісіне деген сүйіспеншілікпен, тәжірибемен, жұмысқа ұқыпты қараумен саналы, ойлы еңбекпен қалыптасады.

Тәрбиеші қызметінің ерекшелігі: педагогтік әдепті игеру, ел үшін ерлікпен еңбек ету, педагогтік бедел, педагогтің артистігі, педагогтік оптимизм, кәсіби шеберлікті үнемі шыңдап отыру, т.б.

Тәрбиешінің ата-аналармен жүргізетін жұмыстарының мазмұны.

Ата аналармен жүргізілетін жұмыстардың мазмұны, формасы. Әдістеріне тоқталамыз. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеумен, қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адасдардың мейірім шуағын сезінетін орын.

Отбасына барлығы жақсы болған жағдайда-балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуметіне көтеріле алады.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық - баланың қанағаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады, ол төмендегі жағдайларға негізделеді: өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық, әлемге деген түсіністік көзқарас және оның тиімділігі ықпалын ұзақ уақыт бойы сезіну, бір-біріне серіктестік барлық қатысушыларға жағымды әсер ететіндей болуы тиіс, сонда ғана тәрбие мен білім беру өз нәтижесіне жетеді. Осы орайда, балабақшаның ата-аналармен жұмысының мазмұны төмендегідей:

а) Ата-аналармен педагогикалық, психологиялық білімдерін көтеру; (Дәрістер оқу, семинарлар ұйымдастыру, жеке және топтық кеңестер, тәжірибелік жұмыстар, т.б.);

б) Ата-аналарды оқу-тәрбие жұмыстарына қатыстыру; (ата-аналар жиналысы, бірлескен шығармашылық жұмыстар, материалдық-техникалық база жасауға көмектесу);

в) Балабақшаның әкімшілігімен бірлескен жұмыстар (ата-аналар комитеті, ата-аналар кеңесі, аталар алқасы, әжелер клубы).

Ата-

аналармен жүргізілетін жұмыстың формасы мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуметін арттыруға бағытталған болуы керек.

Ата-аналармен жұмыстың әдістері : бақылау, әңгіме, пікірлесу, тест жүргізу, сауалнама жүргізу.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп білім мен ғылым саласының алдына нақтылы міндеттер қойды. Шындығында да, біз сауатты елге айналуымыз үшін жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуді дұрыс жолға қоюымыз керек.

Ұлы Абайдың «Он сегізінші қара сөзіндегі»: «...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген. Міне, сол үшін педагогтың жағдайын жасап, олардың біліктілігі мен білімділігін арттыруға, ұстаздың қоғамдағы беделін көтеруге баса көңіл бөлінгені абзал.

Тәрбиеші мектепке дейінгі ұйымның оқу- тәрбие үрдісіндегі негізгі тұлға. Оның қызметі мен міндеттері. Тәрбиеші-педагог мамандығының тарихы. Тәрбиеші мамандығының әлеуметтік мәні. Педагогикалық әрекетіне сипаттама. Жеке тұлғалық сапалары. Тәрбиешілердің білімділігі, мәдениеттілігі, шеберлігі, қабілеттілігі, біліктілігі, әдептілігі, балалармен қарым-қатынас стилі, мектепке дейінгі ұйымға тәрбиешіні теориялық және практикалық дайындау.

Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық үрдістің ерекшелігі. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық үрдістегі балалар әрекеттерінің (ойын, оқу, еңбек, тұрмыстық) ұйымдастырылу үйлесімділігі. Күн тәртібі. Күн тәртібінің бірінші және екінші жартысын ұйымдастыру. Ертеңгілік қабылдау. Серуен және балалар белсенділігі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйқысы және тамақтандыру әдістемесі.

Қазіргі заман педагогтың кәсіби іс - әрекетінің табысты болуы көбінесе имиджге байланысты.

Сонымен ХХІ ғасыр педагог имиджіне тоқталатын болсақ, имидж – ағылшын тілінен аударғанда «бейне», «кейіп» деген мағына береді.

Басқа мамандық иелеріне қарағанда педагог мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында.

Сонымен имидж – сіздің бойыңыздағы талантыңыздың жарқырап ашылуы, өзіңіз туралы жақсы пікір қалыптастыру жолы, американдық психологтардың пікірінше, тамаша табыс феномені – адамның имиджі мен оның карьерасымен тікелей сабақтас.

Егер олай болмаса, қолдан жасалған имидждің көмегі тимесі анық. Сондықтан да кәсіби мамандығын жан - жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленбек. Педагог өзін көрсете білу, ұнау, өзі туралы жақсы пікір қалдырудың маңызы зор.

Тартымды имидж:

- Айналасындағы адамдардың көңілін аулау кепілі;
- Кез келген жұмыста жетістікке жетудің негізгі шарты.
- педагогтың жеке тұлғасына қызықпаса баланың оқу іс әрекетіне

қызығушылығы да болмайды.

Себебі, баланың өмірінің жартысы оларға білім ғана беріп қоймай, әлеуметтік және балалық шақтан алған әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді, жеке басы баланың жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Оған ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады.

Имидж құрылымы:

- сыртқы бейне;
- қарым - қатынасты пайдалануы;
- «Мен» сезімінің кәсібіне сәйкестігі.

Сыртқы имиджді құраушыларға:

- мимика, - дауыс күші мен тембрі, - костюм, - қимыл, - мәнер.

Айналаңыздағы адамның санасындағы сіздің бейнеңіз туралы көзқарас. Ол сізбен жүздесуден кейінгі сыртқы кейпіңіз бен өз - өзіңізді ұстауыңыздың тәрбиелік мәні мен сөйлесу мәнеріңіз арқылы қалыптаспақ. Сыртқы бейнеміздің үйлесімді әсер қалдыру үшін вербалды және вербалды емес қатынас қажет:

- Мәнерлі сөйлеу
- Көндіре білу
- Стиль мен киім түсінің психологиялық әсерін білу
- Тұрған тұрысқа, мимикаға және мәнерге көңіл бөлу
- Шыдамдылық
- Көргіштік

Педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке имиджіне байланысты.

Жалпы имидждің құрамына төменде көрсетілген элементтерді жатқызуға болады:

- Қызметтік қарым - қатынас этикеті (корпоративтік ережелерді ұстану)
- визуальді белгілер - бойдың, дене бітімің, шаш үлгісінің үйлесімділігі.
- Өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар
- тіл табысу білу қабілеті ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі.

Сонымен, педагогтың имиджі мынандай құрамнан тұрады:

Жеке және тұлғалық қасиеттер Коммуникативтік қасиеттер Кәсіби іс - әрекеттің және мінез - құлықтың ерекшеліктері.

Жаңа қоғам педагогтың имиджіне жаңа талаптар қояды, бірақ замандар бойы ұстаздың бойында өзгермейтін мынандай қасиеттер бар:

- балаларды жақсы көру
- мейірімділік
- шынайылық
- тілдесе алу икемділігі

Сонымен, қорытындылай келе педагог имиджін қалыптастыру – өмір талабы. Рухани мәдениеті биік, кәсіби іскерлігі, қабілеті мен ақыл-парасаты жоғары, істің негізгі көзін білетін, жан-жақты жетілген педагогтарды жетілдіру бүгінгі күнде өте маңызды мәселелердің бірі екені жоғарыда айтылып өттік.

Қызметтердің сапасын арттыру және оқытуды жақсартуға бағытталған.

Қазіргі реформадағы ең маңыздысы педагогтың беделін арттыру, оның оң имиджін қалыптастыру болып табылады. Мұнда бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын орны ерекше. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен балабақша өзара байланысынан көрінеді.

Демек, педагогтің мәртебесін жоғарылату – Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарының бірі. Шын, мәнінде педагогтың мәртебесі тек қана оның жалақысын көтеру емес, ең бірінші ұстаз мәртебесі оның интеллектуалды, білімдік, жеке-дара ерекшеліктерінің бағалануымен көтеріледі. Ұстаздың абырой-беделі соған байланысты ақталмақ.

Мәртебе көтеру – педагогтың өз қолында: педагогтың мәртебесінің көтерілуі білімді болуында; педагог өз мәртебесін өзі ғана көтереді, өзі мықты болса, бәрі сыйлайды; барлықтары бірігіп, ойларын бір жерден шығарып, қажетті талабын қоя білсе, сол үшін аянбай еңбек етсе, мәртебесі көтерілмек; мұғалім мәртебесі шәкірт деңгейімен өлшенеді, шәкірті нәтиже көрсетсе, тәрбиешінің мәртебесі биіктейді.

Педагогтың еңбегінің шынайы болмысы, олардың жеке тұлға қалыптастырудағы рөлі мен орны: жеке тұлға қалыптастыру жолындағы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, туған халқының мәдениеті мен салт дәстүріне құметін қалыптастыру, жеке қабілетін дамыту және әлемдік көзқарасын айқындау секілді еселі еңбектерінің барысы, ғылыми жұмыстарын саралайтын жүйесіндегі жетістіктері.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // «Ақиқат», №1, 2013 ж.
2. Мұғалім беделі – ел абыройы // «Егемен Қазақстан», 14 тамыз 2010 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан білім қоғамы жолында // «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2012 ж.
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: «Ғылым», 1988 ж.
5. Басты мақсат – білім сапасы // «Мәдени мұра», 2012 ж.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім. 1997.
7. Калужный А. А. Формирование имиджа учителя. – М: Владос, 2005

01.02.2022 ж. ж № O00074

Мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу

КАСПАКБАЕВА ЖАНАР ЖОЛДАСБЕКОВНА

Түркістан облысы Түлкібас ауданы Педагогикалық Түзету Кабинеті

Меңгерушінің міндетін атқарушы

Бүгінгі таңдағы ұстаздар алдындағы міндет-жас ұрпақты егеменді еліміздің тұтқасы болатын жан-жақты дамыған азамат етіп тәрбиелеу. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектелген балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оның қажеттілігі мен мүмкіндіктері басты назарда. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың мінез құлқындағы кемшіліктерді түзету, орнына келтіру, дамыту – педагогика жүйесіндегі балалардың оқыту мен дамытудың маңызды құралдас бөлігі болып табылады. Ол үшін оқу үрдісін жаңартып, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын кеңінен қолдана сабақты түрлендіре отрудің маңызы зор. Сол технологиялардың бірі-педагогикалық ойындар. Педагогикалық ойындар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, есту, қабылдау сезімдерінің жетілуіне, кез келген нәрсеге мән бере қарауға, абайлау, бағдарлау, тағы басқа дағдыларының ұштала түсуіне себепкер болады. Педагогикалық ойындардың түрлері көп. Олар: іскерлік, интеллектуалдық, сюжеттік, рөлдік, драматизациялық, дидактикалық тағы басқалары. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады.

Төменгі сынып оқушыларына ойын түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын психологтар үшін талап та жоғары. Түрлі психологиялық ойындар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретеді. Ойынның жалпы сюжеті: Оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекетінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайды. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықылас пен ынтаны қоздырады.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді: 1. Заттық дидактикалық ойындар- дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады. 2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар- «Лото», «Домино» және тағы басқа. 3. Сөздік дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындардың негізгі бағыты- балаларға білім-білік, іскерлік, әдет –дағдыларды игерту мен оны бекітуге, ақыл-ой қабілеттерінің дамуына ықпал ету. Дидактикалық ойындардағы негізгі міндеті – балалардың ақыл-ойын дамыту, білімін байыту. Дидактикалық ойын балалардың қоршаған тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеуде байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын дамыту үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта ойналатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Сюжетті-рольді ойындар Сюжетті рольді ойындар ақыл-есі кем балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол балалар өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті рольді ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар ұзақ та қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті рольді ойында бейнелеу құралы мен ойын әрекеттері болып табылады. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралып, баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал «Мектеп» ойынын ойнағанда мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты ұғады. Дамытушы ойындар танымдық сезімді оятады, яғни балада тану іздену әрекетін дамыта отырып, ойдың, талдау мен әрекеттің логикасын ойлау процесінің икемділігін, жаттығуын және тапқырлығын, қиял ұшқырлығын қалыптастырады. Бұл жағдайда сөзжұмбақтар мен ребустар көп септігін тигізеді. Өз шығармашылығымен құрастырылған сөзжұмбақтар баланың аса қызығушылығын тудырады. Балалар еркін сөздерді буынға бөліп, ойлау қабілеті дамиды, есеп сабағынан білім дейгейі кеңейеді «Тәрбиеші бүгінгі заман талабына сай өзінің педагогтік мамандығының кілтін шебер ұстаған, жан-жақты терең білімді, сегіз қырлы, бір сырлы, ашық жарқын жайдары жүретін, қажырлы қайратты, инициативашыл, қатал талап қойып, оның нәтижесін тексере білетін еңбекқор жан болуы керек. Қарым-қатынас кезінде әр баланың жан-дүниесін сезініп кемшіліктерін түзетіп, жетістіктерін дамытатындай болғаны дұрыс деп ойлаймын. Алайда оқыту қиын, бірақ жанында ізгілік пен жанашырлық, өз ісіне деген сүйіспеншілікті бойына сіңіре білген ұстазға жұмыстанудың өзі ғанибет болары шындық. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға алмай, бір жағынан баланың жаңа бағдарламамен оқуы қиынға соғатынын түсіне отырып, оны беделді мектепке, мықты мұғалімге беруге тырысамыз.

Қазіргі уақытта арнаулы білім берудегі нақты прогресске бірнеше факторлар әсер етуде: мүгедек оқушыларға қатысты үміттің аздығы, тіпті жоқтығы, инклюзивті білім беруге мектептердің дайын еместігі кедергі келтіруде. Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда дидактикалық мүмкіндіктерді, танымдық процестерді ескеруге болады; логикалық ойлау жүйесін қалыптастыру, ақыл-ой белсенділігі мен білім алуға деген қызығушылығын, шығармашылық еңбек етуіне бағдарлау. Өйткені құлақпен естігеннен гөрі-көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну әрине ерекше әсер етеді. Инклюзивтік оқыту қазіргі кезде білім беру саласына етек жайып келе жатыр, бұл дегеніміз сапалы білім алудың барлығы үшін тең болуымен ескеріледі. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады. Арнайы білім беру орнында мүмкіншіліктері шектеулі балалардың толықтай дамуына, өзгерістерді түсінуіне, өз бетімен білімін жетілдіруіне барлық жағдай жасалған, мұнда балалар тікелей дәрігерлердің бақылауында болады. Тәрбиеші баланың шындықты тануға ақыл-ой сезімі ең алдымен таңданудан басталады.

Таңдану баланың әрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады. Кейбір балалардың ақыл-ой белсенділік қабілеті жетілмей, артта қалып қойып жатады. Оның бірнеше сеептері бар негізіне тұқым қуалаушылық, ортаның экологиялық әсері, отбасының әлеуметтік жағдайы. Мұндай ауруларға ұшыраған балалар дене кемістігімен қоса, ақыл-ой кемшілігін қосып алып, даму мүмкіндігі артта қалған балалар санын құрайды. Сонымен бірге бұл топқа дені сау, бірақ тұрмыс жағдайының ауыр болу себептерінен бір қалыпты дамымай қалған балаларды да жатқызуға болады. Мұндай балалармен қарқынды терапиялық жұмыстар жүргізе отырып, оларға дәрілік емдеу, физио, психотерапия, емдік дене шынықтыру жаттығулары, жалпы денсаулыққа пайдалы емдеу шаралары қолдану керек. Ақыл ойы-кем балаларды оқытудың негізгі әдісі-біріктіру болып табылады. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерін анықтап, білім беру стандартына сай қалыпты дамуын қадағалап, зейін тұрақтылықтарын дамыта отырып оқыту, тәрбиелеу-басты мақсат болып отыр. Біз ел болып, етек жинаған еңселі елміз, сондықтан қоғамдағы жайттар басты назарда болу керек.

Ең алдымен мүгедек, жарымжан балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасау қажет. Сондықтан осындай кемшіліктерді анықтайтын шағын кабинеттер ашып, арнайы жұмыс жүргізіп, әр баланың қабілеті мен даму мүмкіндігін анықтаса, оларға арнайы түзету жұмыстарын жүргізіп, үй жағдайында өсіріп тәрбиелеуде ата-анаға ақыл-кеңестер берілсе бұл да мүмкіндігі шектеулі балалар үшін атқарылған игі істің бірі болар еді. Өйткені ата-ана бұл жағдайды басынан бір жақты болып өткеруде, бұл кезде ата-анаға арнайы маманның көмегі, ақыл-кеңесі және балаға аялы алақанмен жан жылуы, ары қарай бұл жағдаймен күресуіне маманның түзету жұмысының көмегі қажет екені баршаға аян.

Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор. Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Мектеп психологі білім беру ісінде әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың нақты жұмыс жүргізсе бұл да түзету жұмысының бір қыры болары сөзсіз. Осындай орталықтар жұмысын жүйелеп отыратын, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс істейтін медициналық-педагогикалық орталықтарды көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөлер еді. Бүгінде денсаулықты нығайту және мүгедектікке әкеп соғатын патологияларды азайту мәселесінде, ең алдымен балалардың бойындағы ауытқушылықтарды, олардың сәби кезінде уақтылы анықтау бойынша жұмыс күшейтілді. Мысалы, кемтар балалардың үштен бірінің мүгедектігі – туа біткен кемістіктердің әсері болуымен байланысты. Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың оқу үрдісінде «ойын» түрлерін пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

Әдебиет:

1. Богданов О.В. «Методические рекомендации по проведению комплекса лечебно – восстановительных и реабилитационных мероприятий в Сенсорной комнате».

2. Специальная педагогика: учеб. Пособие для студентов Высш. Пед. Учеб завед»./под ред. Н.Н.Назаровой.- М:изд центр»Академия», 2004. С. 10-11.

3. Кушваха П. «Снузлин- уникальный сказочный мир ощущений».

4. Браудо Т.Е, Кириченко Ю.А, Соловьева Е.А, Ряховская М.В. «Методическое пособие по использованию Сенсорной комнаты».

5. Кириченко Ю.А. «Коррекция игровой деятельности в Сенсорной комнате».

Шеримова А. С. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы [Текст] / А. С. Шеримова, А. Н. Елюбаева // Молодой ученый. — 2015. — №8.1. — С. 41-4

07.02.2022 ж. № P00018

Бала дарындылығын зерттеудің педагогикалық әдістерін жетілдіру

ДОСЫБАЕВА САЯ БОЛЫСБАЕВНА

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы "№ 28 ЖББМ" КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Сондықтан да еліміздің білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу,оның одан әрі дамуына бағыт бағдар бере білу ерекше қиын іс. Демек,оқушы бойындағы табиғат берген қабілетті дамыту, дарындылықтың көзін ашу, ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу-ұстаздардың басты міндеті. Дарын-адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Дарындылық бала бойындағы асқан алғырлық, зеректік. Табиғи дарынды бала алдымызға қашан келеді күтудің қажеті жоқ, керісінше, балалардың бойындағы қабілетті ашып, болашақ қоғамның бір-екі, одан да көп тұлғасын дайындау жолында еңбек етуіміз қажет, демек, бүгінде қоғам алдында тұрған міндет, әрбір ұстаз алдында тұрған міндет: дарынды балаларды іздеу, оларды тәрбиелеу мен оқыту. Дарынды балалармен жұмыс істеуде ұстаз өзі бірінші болып ізденеді.

Дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, саралау.

Ғылыми–әдебиеттердің сараптамасы негізінде дарынды балалардың сипаттамасын беру.

Балалардың дарындылық қасиеттерін анықтауға арналған әр түрлі әдістемелерді жинақтау.

Дарынды балаларды оқытуда білімденудің инновациялық технологияларын жүйелеу.

Қазіргі уақытта тәжірибелік негізі бар екі бағыттағы ғылыми зерттеулердің қажеттілігі өте орынды болып отыр. Олар:

Дарындылық деңгейлерін жақсарту;

Бала дарындылығын зерттеудің педагогикалық әдістерін жетілдіру.

Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басты мақсат

Республиканың интеллектуалды әлеуетін сақтау және қазақстандық азаматтан зиялы қауымды дайындау. Интеллектуалы жоғары, қоғамға жаны аши білетен азаматтарды дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Ендеше жаңа ғасыр мектебінің алдында тұрған міндет-дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу болып табылады. Дарындылықты дамытудың қазіргі кезде нақты бір белгіленген бағыты, жүйеленген әдістері немесе тәсілдері жоқ. Оқу мен тәрбиенің сыныптағы бала танымына лайық жолдарын сұрыптау, әр баланың даралық ерекшелігін дамытуға, қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатымызға айналуы тиіс. Мектеп қабырғасында оқушылар жақсы да, жаман да оқиды. Ал адам бойындағы дарындылықты нағыз данышпандыққа айналдырудың бір ғана шарты-табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен еңбектену. Демек, табиғи таланттарды ашу жас талапкердің жарқырап көрінуі үшін ұстазға жүктелер міндет не? Ол міндет-оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жан аянбай еңбек ету. Осы жағдайға жеткен оқушы әрқашан да ұстаз сенімін ақтайды

Дарындылық – бұл қабілеттілік, адамның жалпы қасиеті немесе арнайы іс-әрекеті ретінде көрінетін қабілеттілік. Көптеген ғалымдар жалпы дарындылық бар дегенге сүйенеді. Сол білім мен дағдыны алғандағы жеңілділік пен шапшандылықты көрсетсе де, адамда қалыптасқан білім, дағды, іскерлік қабілеттілікке сәйкес келмейді. Адамның қабілеті шын мәнінде әрқашан жалпы және ерекше қасиеті бірлігінде берілген. Ерекше, жарқын көрінген таланттың арнайы қабілетінің бар болуы адамның жалпы дарындылығына ізін қалдырады, ал жалпы дарындылықтың бар болуы әрбір арнайы қабілеттің мінезінде көрінеді. Дарынды балаларды ерте жастан анықтау, оларға білім беру және тәрбиелеу – психологтардың маңызды мәселелерінің бірі. XX ғасырдың соңғы ширегінде барлық өркениетті елдерде әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени үдерістерде жеке адамның рөлі өзгергендіктен дарынды балалардың дамуы, оқуы және көрінуі бойынша жұмыстар басталды. Өнер, мәдениет, ғылым, басқару, өндірудің барлық саласында өзіндік, шығармашылықпен ойлайтын жас адамдардың қажеттілігі байқалды.

Бала дарындылығының ерте жастан көрінуі және жүргізілген зерттеу тәжірибелері мұндай балаларды шығармашылыққа тәрбиелеудің арнайы мемлекеттік бағдарламасы құрылуы қажет екендігін және мұғалімдер мен ата-аналарды психологиялық, әлеуметтік-экономикалық көмекпен қамтамасыз ету керек екендігіне негіз болды.

Қоғам әрқашанда шығармашыл адамдарды қажет етеді, бірақ тек XX ғасырдың ортасында қабілеттілік және талант психологиясы бойынша зерттеулер кеңінен жүргізіле бастады. Дарындылық феномені туралы негізгі білімдерге ие және олармен жұмыс жасау тәжірибесі бар мұғалімдер санын көбейту проблемасы да осы қатарға жатады. Дарындылық – бұл адамның генетикалық және тәжірибелік мүмкіндіктерінің өмірге бейімделу шамасы. Дарындылықтың негізгі функциялары – өмірге, қоршаған ортаға максимальды бейімделу, шығармашылық тұрғысынан қарауды қажет ететін жаңа, күтпеген проблемалар болған жағдайда шешім табу. Дарындылық проблемасын зерттеуде ғалымдар жалпы және арнайы дарындылық деп бөледі. Жалпы дарындылық іс-әрекеттің формаларында немесе әртүрлі түрлерінде жалпы мәліметтерге ие. Жалпы ақыл-ойлы дарындылық іс-әрекеттің барлық түрін меңгеруде көрінеді.

Дарындылықтың психологиялық құрылымы шығармашылық және адамның шығармашылық дамуын мінездейтін құрылымдық негізгі элементтермен сәйкес келеді. Сырт қараған адамға адамның шығармашылық дамуы көп қырынан көрінеді. Олар бала кезінен-ақ көріне бастайды, ең алғашқысы болып сөйлеу және ойлау қабілеттерінің тез дамып жетілуі, ерте жастан әуестенушілік (музыкамен, көркем суретпен, оқумен, есеппен), баланың білуге құмарлығы, зерттеу белсендігі. Баланың шығармашылық потенциалының жалпы мінездемесі және құрылымдық компоненті болып мотивацияның басқа типтеріне қарағанда таным мотивациясы доминантының психологиялық негізін құрайтын таным қажеттіліктері табылады.

Қорыта келгенде, дарынды баланың шығармашылық дамуының маңызды сипатына жеке бастық және интеллектуалды қасиеттердің ерекшеліктері жатады, дарынды балалардың заттық әлеммен өзара әрекетінде жеке бастық стратегиясы дами отырып, онда репродуктивті немесе продуктивті іс-әрекет типтері қалыптасу негізінде, жүйелі оқыту процесінің басталуымен байланысты табиғи потенциалдарды тарататын креативтілік типінің қалыптасу мүмкіндігі құрыла бастайды.

07.02.2022 ж. № P00019

Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы



БЕСБАЕВА АКМАРАЛ ЖАМАЛХАНОВНА

Түркістан қаласы Мырзахан Пошанов атындағы

№21 жалпы орта мектебінің физика пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: IV тарау Қысым	Мұғалім:	
Күні:	Мұғалім:	
СЫНЫП: 7	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы	
Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	7.3.1.4 – газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру 7.3.1.5-сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруға қолдану	
Сабақ мақсаттары	- сұйықтар мен газдардағы қысымның таралуын білу -Паскаль заңын түсіну -сұйықтар мен газдардың қабаттарының түсіретін қысымының формуласының мағынасын тану	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну, қолдану	
Бағалау критерийлері	- Қысымның пайда болуы мен негізгі ұғымдарын сипаттай біледі; -Өртүрлі ортадағы қысымды салыстыра алады. -Паскаль заңын өмірде қолдана алады	
Тілдік мақсаттар	Пәндік лексика және терминология: қысым, Паскаль заңы, гидростатикалық қысым, резеңке қорапша, манометр	
	Қазақша	Орысша
	Сұйық	Жидкость
	Газ	Газ
	қысым	Давление
	Ағылшынша	
	Liquid	
	Gas	
	Pressure	

	Паскаль шары	Шар Паскаля	Pascal ball
	Диалогқа/жазуға қажетті сөз Газдың массасы мен температурасын өзгертпей көлемін кішірейтсе, оның қысымы-----,қысымын азайтса,---- артады. Сұйыққа немесе газға түсірілген қысым сол---- немесе ---- әрбір нүктесіне ----- беріледі.		
Құндылықтарды дарыту	Еңбек және шығармашылық, ынтымақтастық, өмір бойы білім беруге баулу .		
Пәнаралық байланыс Математика –есеп шығару Биология-адам ағзасының қан қысымы туралы біледі			
Алдыңғы тақырып	Қатты денелердегі қысым		
Сабақ барысы:			
Сабақтың жоспарланған кезендері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурс	
Сабақтың басы 7 минут	Сыныпта психологиялық ахуал туғызу. « Ақ тілек» жаттығуы оқушыларды ортаға шақыру, топқа бөлу) Топ аттары: « Сұйықтар», « Газдар», « Қатты денелер» Үй тапсырмасын еске түсіру: « Ия,жоқ» стртегиясын қолдану Сұрақтар: 1. Матаны доғал инеге қарағанда, үшкір инемен тесу оңай 2. Адамның оппа қармен жүруі шаңғымен жүргенге қарағанда оңайырақ 3. Қысымның өлшем бірлігі 1Ньютон болады 4. Қысым қатты денелерде әрекет ететін күштің бағытымен беріледі 5. Қысымды табу үшін күшті ауданға бөлеміз 6. 1Н/м ² Паскаль деп аталады Бағалау критерийі: Білім алушы «Ия», «Жоқ» сұрақтарына дұрыс жауап береді	Шарлар, жіп, стикер Интерак.тақта	

	Дескриптор: Білім алушы: 1.Матаны үшкір инемен тесу оңай екенін анықтайды 2.Оппа қармен жүру оңай емес екенін біледі 3.Қысымның ОБ анықтайды 4.Қысымның анықтамасын біледі 5.Формуласын жаза алады ҚБ: Геометриялық фигуралар арқылы (ДЖ)    <i>Өте жақсы</i> <i>Жетілдіру керек</i> <i>жақсы</i> Кері байланыс: (жеке оқушы жауабын тыңдау)	Әр түрлі стикерлер, таяқшалар
Сабақтың ортасы 30 минут	Жаңа сабақты түсіну: (сабақтың тақырыбын ашу) Тақырыбы: Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы. Оқушылар берілген мәтін бойынша постер қорғайды. (ТЖ) 1-топ тақырыбы:Сұйықтардағы қысым 2-топ тақырыбы: Газдардағы қысым 3-топ тақырыбы: Паскаль заңы Оқушылар топта қорғайды, таныстырылым жасайды. Қабілетті оқушымен жұмыс:(2 оқушыға жеке тапсырма беріледі, олар сынып алдында тақырыпты қорғайды) Орташа оқушымен жұмыс: / тұрмыстағы газды қолдану туралы әңгімелеп беру/ Бағалау критерийі: Білім алушы Тақырып бойынша материалды баяндайды Дескриптор: Білім алушы.	Су, қатты дене, ауа шары Паскаль портреті,Паскаль шары Оқулық Бейне фильм Су, май, сүт, мензурка, сызғыш

Сабақтың соңы 3 мин	1Қатты денелердегі қысымның таралуын баяндайды 2.Сұйықтар мен газдардағы қысымның таралу жағдаын біледі 3. Паскаль заңы мағынасын ашып, түсіндіреді, тәжірибеде негіздейді. ҚБ: Қб: « Шапалақтау» (1 шапалақ-нашар, 2 шапалақ-жақсы, 3 шапалақ-өте жақсы)  Кері байланыс: Практикалық тапсырмаларды орындау: (ЖЖ) Берілген заттар арқылы олардың ыдыс түбіне түсіретін қысымын анықтаңыздар. Бағалау критерийі: Білім алушы - Ыдыс түбіне түсетін қысымды анықтайды Дескриптор: Білім алушы: - Есептің берілгенін жазады - ХБЖ-не келтіреді - Қажетті формуланы жазады, қолданады - Өлшеулерді жүргізеді - Есептейді, қорытынды жасайды ҚБ: Үйге тапсырма беру: Рефлексия: « Көңіл-күй таразысы»	Стикерлер, таразы
Қосымша ақпарат Саралау- Сіз қандай тәсілдермен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.

Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қол жетімді бола ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?	
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақты бұданда жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?	

07.02.2022 ж. № P00020

Компьютердің конфигурациясы

ҚОЖАЛИЕВА ҰЛБОСЫН БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Қызылорда қаласы №7 мектеп-лицейінің
математика-информатика пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:		Мектеп:
Күні:		Мұғалімнің аты жөні:
Сынып:		
Қатысқандар:		Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Компьютердің конфигурациясы	
Осы сабақта қолжеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.1.1- компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын таңдау	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Компьютердің міндетіне қарай онфигурациясын таңдауды білу	
	Оқушылардың басым бөлігі: Компьютердің қандай міндеттерді атқаратындығын және компьютердің функционалдық мақсаттарына байланысты оларды бір неше топқа бөле алады.	
	Кейбір оқушылар: компьютерге өтетін белгілі бір міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін функционалдық құрылғылар мен жүйелік ресурстардың сипатттамаларын біледі	
Бағалау критерийі	компьютердің атқаратын міндеттерін, компьютердің конфигурациясының атқаратын жұмыстарын ажырата алады	
Тілдік мақсаттар	Негізгі сөздер мен тіркетес:	
	Конфигурация, Базалық конфигурация, Оңтайлылық	

	Сыныптағы диалог үшін пайдалы тілдік бірліктер: Қандай ішкі құрылғылар жүйелік блоктың құрылымына кіреді? Компьютердің аппараттық құралдарын атаңдар? Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілінде Конфигурация - Конфигурация - Configuration Базалық конфигурация - Базовая конфигурация - Basic Configuration Оңтайлылық – оптимальность – optimality
Құндылықтарға баулу	Пәнді оқыту барысында оқушыларды ауызбіршілікке, бейбітшілікке баулу. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. Біздің міндетіміз - өндірісті білім мен ғылымды біріктіру.
Пәнаралық байланыс	Математика, орыс тілі, ағылшын тілімен байланыстыру
Алдыңғы білім	Біреудің жұмысын көшіріп алудың заңсыз екендігін біледі.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Тренинг. «Шаттық шеңбері». Мақсаты: Сынып оқушылармен сәлемдесіп, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын құру. Оқушылар өз есімдерінің бас әріпін компьютердің бір құрылғысымен салыстырады, артықшылығын, қызметін айтады. Мысалы: Талғат – Тышқан (компьютердің экранында үстел бетіне қозғалтуға ынғайлы құрылғы) , Марал – Модем (компьютерлерге телефон желілері арқылы өзара мәлімет алмасуға	Топ аттары жазылған карточка, бағалау парағы

	мүмкіндік беретін құрылғы.) т.с.с. Сыныпты топтарға бөлу. «Мозайка» әдісі. Мақсаты: Суреттерді құрастыру арқылы оқушылар топқа бөлінеді. Оқушылар топқа бөлініп отырғаннан кейін, бір - бірден информатика кабинетіндегі бір қауіпсіздік ережесін айту керек. Негіз: Оқушылар 3 топқа бөлінеді, әр топта менеджерлер болады. 1 топ. Технодом техника сауда орталығының менеджерлері. 2 топ. Сулпак техника сауда орталығының менеджерлері. 3 топ. Фора техника сауда орталығының менеджерлері. Бағалау. «Бонус жинау». Бағалау парағы топбасшыларға таратылады. Әр топбасшының қызметі топ құрамын жұлдызшаларды жабыстыру арқылы бағалайды. Мақсаты: Оқушылар бірлесе топ ережесін құрады. Бір бірін құрметтеу. Тыңдау. Оқушыларға өткен тақырыптан сұрақтар беріп еске түсіру арқылы бір- біріне түсіндіреді.	
--	---	---

Сабақтың ортасы	Жаңа тақырып. «Кім тапқыр?» ойыны. Мақсаты: Оқушылар осы бөлімде әріптерден сөз шығара отырып, бүгінгі өтілетін сабақтың тақырыбын табады.Жауабын бірінші болып тапқан топқа 1 баллдан қосылады.	Таратпа материалдар, оқулықпен жұмыс																																																																																																																																								
(10 минут)	<table><tr><td>Н</td><td>К</td><td>Д</td><td>У</td><td>С</td><td>И</td><td>Я</td><td>С</td></tr><tr><td>А</td><td>О</td><td>М</td><td>П</td><td>Ю</td><td>Ц</td><td>Д</td><td>Ы</td></tr><tr><td>Г</td><td>И</td><td>Ю</td><td>Ь</td><td>Й</td><td>А</td><td>С</td><td>Б</td></tr><tr><td>Е</td><td>К</td><td>Т</td><td>А</td><td>Ж</td><td>Р</td><td>Ы</td><td>Т</td></tr><tr><td>Ш</td><td>М</td><td>Е</td><td>Ц</td><td>Е</td><td>У</td><td>Т</td><td>А</td></tr><tr><td>И</td><td>Ж</td><td>Р</td><td>Б</td><td>К</td><td>Г</td><td>М</td><td>П</td></tr><tr><td>К</td><td>І</td><td>Д</td><td>О</td><td>Т</td><td>И</td><td>Ж</td><td>Ы</td></tr><tr><td>Ю</td><td>Ң</td><td>К</td><td>О</td><td>Н</td><td>Ф</td><td>Ф</td><td>С</td></tr><tr><td colspan="8"></td></tr><tr><td>Н</td><td>К</td><td>Д</td><td>У</td><td>С</td><td>И</td><td>Я</td><td>С</td></tr><tr><td>А</td><td>О</td><td>М</td><td>П</td><td>Ю</td><td>Ц</td><td>Д</td><td>Ы</td></tr><tr><td>Г</td><td>И</td><td>Ю</td><td>Ь</td><td>Й</td><td>А</td><td>С</td><td>Б</td></tr><tr><td>Е</td><td>К</td><td>Т</td><td>А</td><td>Ж</td><td>Р</td><td>Ы</td><td>Т</td></tr><tr><td>Ш</td><td>М</td><td>Е</td><td>Ц</td><td>Е</td><td>У</td><td>Т</td><td>А</td></tr><tr><td>И</td><td>Ж</td><td>Р</td><td>Б</td><td>К</td><td>Г</td><td>М</td><td>П</td></tr><tr><td>К</td><td>І</td><td>Д</td><td>О</td><td>Т</td><td>И</td><td>Ж</td><td>Ы</td></tr><tr><td>Ю</td><td>Ң</td><td>К</td><td>О</td><td>Н</td><td>Ф</td><td>Ф</td><td>С</td></tr></table>	Н	К	Д	У	С	И	Я	С	А	О	М	П	Ю	Ц	Д	Ы	Г	И	Ю	Ь	Й	А	С	Б	Е	К	Т	А	Ж	Р	Ы	Т	Ш	М	Е	Ц	Е	У	Т	А	И	Ж	Р	Б	К	Г	М	П	К	І	Д	О	Т	И	Ж	Ы	Ю	Ң	К	О	Н	Ф	Ф	С									Н	К	Д	У	С	И	Я	С	А	О	М	П	Ю	Ц	Д	Ы	Г	И	Ю	Ь	Й	А	С	Б	Е	К	Т	А	Ж	Р	Ы	Т	Ш	М	Е	Ц	Е	У	Т	А	И	Ж	Р	Б	К	Г	М	П	К	І	Д	О	Т	И	Ж	Ы	Ю	Ң	К	О	Н	Ф	Ф	С	
Н	К	Д	У	С	И	Я	С																																																																																																																																			
А	О	М	П	Ю	Ц	Д	Ы																																																																																																																																			
Г	И	Ю	Ь	Й	А	С	Б																																																																																																																																			
Е	К	Т	А	Ж	Р	Ы	Т																																																																																																																																			
Ш	М	Е	Ц	Е	У	Т	А																																																																																																																																			
И	Ж	Р	Б	К	Г	М	П																																																																																																																																			
К	І	Д	О	Т	И	Ж	Ы																																																																																																																																			
Ю	Ң	К	О	Н	Ф	Ф	С																																																																																																																																			
Н	К	Д	У	С	И	Я	С																																																																																																																																			
А	О	М	П	Ю	Ц	Д	Ы																																																																																																																																			
Г	И	Ю	Ь	Й	А	С	Б																																																																																																																																			
Е	К	Т	А	Ж	Р	Ы	Т																																																																																																																																			
Ш	М	Е	Ц	Е	У	Т	А																																																																																																																																			
И	Ж	Р	Б	К	Г	М	П																																																																																																																																			
К	І	Д	О	Т	И	Ж	Ы																																																																																																																																			
Ю	Ң	К	О	Н	Ф	Ф	С																																																																																																																																			
Терминдермен жұмыс	Ендеше бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы: Компьютердің конфигурациясы. «Автор күнделігі» әдісі. Мақсаты: Жаңа термин сөздерді меңгерту. Нұсқау: Оқушыларға кесте қазақша сөздер беріліді, кестені орыс тілі, ағылшын тілінде жазбаша толтыру.	Оқулық, карточка																																																																																																																																								
	<table><tr><td>Конфигурация</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Базалық</td><td></td><td></td></tr></table>		Конфигурация			Базалық																																																																																																																																				
Конфигурация																																																																																																																																										
Базалық																																																																																																																																										

Практикалық тапсырмалар (20 минут)	конфигурация		
	Оңтайлылық		
	I тапсырма. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі. Мақсаты: Оқушылар бір -бірімен жұптасып талқылайды. Топтық таныстырылым ұсынылады. 1. Компьютердің конфигурациясы дегеніміз не? 2. Қандай ішкі құрылғылар жүйелік блоктың құрамына кіреді? 3. 1.1 – суретті пайдаланып компьютердің аппараттық құралдарын атап, жүйелік блоктың ішіне орналастыр.		
	 (1.1 – сурет) Тексеру  Критерий: 1. компьютердің конфигурациясы анықтамасын анықтайды. 2. Компьютердің ішкі, сыртқы құрылғыларына сипаттамасын түсінеді. 3. компьютердің конфигурациясының		

<http://bourabai.kz/lan/02.html>

	атқаратын жұмыстарын анықтайды. Дескриптор: - көтерілген басты мәселені анықтайды. - Компьютердің түрлерімен ішкі, сыртқы құрылғыларына сипаттама бере алады. - компьютердің конфигурациясының атқаратын жұмыстарын ажрата алады. II тапсырма: Компьютердегі тәжірибелік жұмыс. Сәйкестендіру әдісі. (Жеке жұмыс) Оқушыларға компьютерде learningapps.org сайтынан <i>компьютер конфигурациясы. 9 класс</i> деген тақырыпта тапсырманы орындатамын.  III тапсырма. «Тапсырыс».	https://learningapps.org/display?v=pwh5r4abk19 компьютер
	Әр топқа тапсырыстар түседі: Тапсырыс беруші қажеттілігіне қарай компьютер сатып алғысы келеді, оған қандай компьютер конфигурация керек екенін білмейді, бірақ ол компьютер не үшін қажет екенін біледі. Оған: қағаз басуға, қағаз шығаруға, музыка тыңдауға, ойын ойнауға т.б. сіздер тапсырыс берушіге қажетіне қарай компьютер тандап, құнын есептеп беруіңіз керек. 1 топқа. Офиске арналған компьютер. (құжаттармен жұмыс, қағаз шығару т.б.) 2 топқа. Дизайндік, архитекторлық жұмыстарға арналған компьютер. 3 топқа. Ойын, музыка, бейнефильм құруға	

	арналған компьютер. Өр топ компьютерге отырып, интернет пайдаланып кестені толтырып, тапсырыс берушіге қандай компьютер қажет екенін, ақшасы қанша екенін есептеп, таңдап кестені толтырып береді. <table border="1" data-bbox="459 524 1233 1675"> <thead> <tr> <th data-bbox="459 524 751 622">Тауар аты</th><th data-bbox="751 524 986 622">Сипаттамасы</th><th data-bbox="986 524 1233 622">Бағасы, тг</th></tr> </thead> <tbody> <tr><td data-bbox="459 622 751 674">Корпус</td><td data-bbox="751 622 986 674"></td><td data-bbox="986 622 1233 674"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 674 751 824">Аналық тақша (Материнская плата)</td><td data-bbox="751 674 986 824"></td><td data-bbox="986 674 1233 824"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 824 751 875">Процессор</td><td data-bbox="751 824 986 875"></td><td data-bbox="986 824 1233 875"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 875 751 974">Бейне карта (Видеокарта)</td><td data-bbox="751 875 986 974"></td><td data-bbox="986 875 1233 974"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 974 751 1072">Қатқыл диск (Жёсткий диск)</td><td data-bbox="751 974 986 1072"></td><td data-bbox="986 974 1233 1072"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1072 751 1171">Пернетақта (Клавиатура)</td><td data-bbox="751 1072 986 1171"></td><td data-bbox="986 1072 1233 1171"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1171 751 1270">Тышқан (Мышь)</td><td data-bbox="751 1171 986 1270"></td><td data-bbox="986 1171 1233 1270"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1270 751 1321">Монитор</td><td data-bbox="751 1270 986 1321"></td><td data-bbox="986 1270 1233 1321"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1321 751 1373">Принтер</td><td data-bbox="751 1321 986 1373"></td><td data-bbox="986 1321 1233 1373"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1373 751 1424">Сканер</td><td data-bbox="751 1373 986 1424"></td><td data-bbox="986 1373 1233 1424"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1424 751 1476">Колонкалар</td><td data-bbox="751 1424 986 1476"></td><td data-bbox="986 1424 1233 1476"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1476 751 1574">Қосымша құрылғылар:</td><td data-bbox="751 1476 986 1574"></td><td data-bbox="986 1476 1233 1574"></td></tr> <tr><td data-bbox="459 1574 751 1675"></td><td data-bbox="751 1574 986 1675">Барлық құны:</td><td data-bbox="986 1574 1233 1675"></td></tr> </tbody> </table>	Тауар аты	Сипаттамасы	Бағасы, тг	Корпус			Аналық тақша (Материнская плата)			Процессор			Бейне карта (Видеокарта)			Қатқыл диск (Жёсткий диск)			Пернетақта (Клавиатура)			Тышқан (Мышь)			Монитор			Принтер			Сканер			Колонкалар			Қосымша құрылғылар:				Барлық құны:		
Тауар аты	Сипаттамасы	Бағасы, тг																																										
Корпус																																												
Аналық тақша (Материнская плата)																																												
Процессор																																												
Бейне карта (Видеокарта)																																												
Қатқыл диск (Жёсткий диск)																																												
Пернетақта (Клавиатура)																																												
Тышқан (Мышь)																																												
Монитор																																												
Принтер																																												
Сканер																																												
Колонкалар																																												
Қосымша құрылғылар:																																												
	Барлық құны:																																											
Сабақтың соңы 5мин	Кері байланыс. «Келісемін, келіспеймін» әдісі.Мақсаты: оқушы қажеттіліктерін анықтау: Нұсқау: Оқушылардың барлығы көздерін жұмады. Мұғалім сұрақ оқиды. Балдар келіссе қолдарын көтереді. Келіспесе көтермейді. 1. Көлемі жағынан	Сұрақтар																																										

	кішкентай, орташа немесе үлкен болады бұл компьютерді дербес компьютер деп аталады. + 2. Компьютерді сатып алғанда оның құрамына енетін жабдықтарды жалпы компьютер деп атаймыз. – 3. Компьютердің ең негізгі құрылғысы жүйелік блок. + 4. Аналық тақша компьютердің миы. – 5. Компьютер ішкі және сыртқы құрылғылар болып бөлінеді. +	
Рефлексия 5 минут	<u>«Шыршаны безендір » тәсілі арқылы рефлексия жүргізу</u> Нұсқау: Тапсырманы сәтті аяқтады - шарды іліп қояды, қателіктер жібердім - шар шыршаның жанында қалды. 	Шырша, шарлар
Үйге тапсырма	<u>«Менің құрастырған компьютер» тақырыбында эссе.</u>	Үй тапсырмасын күнделікке жазып алады
<u>Критерийлер</u> 1. Компьютердің құрамын және олардың атқаратын жұмыстарын біледі пайдалана алады. 2. Жүйелі блоктың жұмысы қандай екендігін біледі	<u>Дескриптор</u> 1. Оқушылар өткен тақырыпты еске түсіреді; 2. Компьютердің конфигурациясы не екендігін біледі; 3. Өз өзін бағалай алады; 4. Компьютер құрамына енетін жабдықтарды біледі; Жүйелік блоктың құрамын және атқаратын жұмысын біледі	
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай	

оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	жоспарлайсыз?
Оқушылардың қажеттілігіне қарай білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар беру арқылы саралаудың “тапсырыс” тәсілін №3 – тапсырмасы орындауда қолданылады. Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, сол себепті саралаудың сәйкестендіру тапсырмасы кезінде қолданылады. Топқа көмек болған жағдайда мен түсіндіремін.	Әр бір оқушыға бағалау парақшасын тарату.

07.02.2022 ж. № P00022

**Абай шығармаларын бастауыш сыныпта
оқытудың тиімді әдістері**

ҚҰРАЛОВА ӘДИЛА СӘБИТҚЫЗЫ

*Шымкент қаласы Абай ауданы «Аль-Фараби атындағы мектебі» ЖШС
Бастауыш пәнінің мұғалімі*

Бүгінгі білім мен техниканың қарыштап дамуы оқушының тұлғалық жетілуіне түрткі болуда. Жеке тұлғаның қажетін өтеуде мұғалім өзінің пайдаланып отырған отырған әдістеріне рефлексия жасай отырып, жетілдіре білуі қажет, сол жағдайда ғана білім мазмұнын меңгеріп, алдымыздағы шәкірттің тұлғалық шығармашылық жетілуіне мүмкіндік жасаймыз. Абай шығармаларының оқытуда ең тиімді әдіс-тәсілдің бірі сын тұрғысынан ойлау. Өйткені сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы көп електен өткен, әлемдік білім берушінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Жоба педагогика саласында өзіндік із қалдырған, ұлы педагог Ж.Пиаже, Л.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының, мінез машығына, назар аудара отырып. Тақырыптан ерекшелігі оқушылар сабақ барысында, Абай шығармаларының тақырыбы мен идеясы мазмұны, тіл ерекшелігіне немесе лирикалық кейіпкерге сын тұрғыдан қарап саналы шешім қабылдауға үйренеді. Қабылдаған шешімді дәлелдей білу, пікірін қорғай білу, басқаның пікіріне құрметпен қарау сол басты қағида. Мұғалім кез келген әдіс тәсілде оқушыға сенім арта отырып, олардың ой ұшқырлығы мен тіл көркемдігіне, мінез машығына назар аудара отырып тақырыптан ауытқымай отырып жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Егер мұғалім оқу үрдісі барысында жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушы шығдалып, белгілі бір жетістікке жетері сөзсіз.

Абайдың «Күз», «Қыс» сияқты өлеңдерін оқығанда, бастауыш сыныптардағыдай жыл мезгілдерінің әр түрлі белгілерін, табиғат көріністерін айту үстірт түсінік тудырмаса керек. Абайдың өзі табиғат көрінісі және жер бетіндегі тіршілік атаулының (адам, өсімдік, оның әлеуметтік халі т.б) бәрін де тұтастық қалпында сипаттап тұр. Ол тұтастықты даралап ыдыратқанда әрбір жеке ғылым саласының үлесінен (өсімдіктану, жаратылыстану, тәнтану, әлеуметтану, саясаттану, география, тарих, сурет т.б.) екені байқалады.

Сондықтан кейбір материалдың мазмұнындағы бірден көзге түсетін бөлікті екінші пәннің үлесіндегі жеңіл бір ұғым, мазмұнмен байланыстырып, интеграциялық сабақ өткіздім деу қисынсыздау болады. Бұл түрдегі байланыстың іске асырылуы мұғалімнен үлкен міндет пен жауапкершілік, сабаққа мүлтіксіз дайындықпен келуді талап етеді.

Мектепте оқылатын оқу пәндеріндегі бай мазмұнмен оның күрделі құрылысы оқу ісінің аса жауапты, қат-қабат қиын екенін көрсетеді. Сондықтан да мұғалімнің мамандық дайындығының жан-жақты, биік дәрежелі болуы өте қажет.

Абай шығармаларының табиғаты кешегіні айта отырып, бүгінгі күннің барысына жөн сілтейді. Кешегі айтылған Абай сөзі бүгін өз құнын жоғалтпақ түгіл, ол құндылық пен оған деген мұқтаждықты еселеп арттырғандай болады. Сондықтан да бұл жердегі интеграциялық байланыс мұғалімнің білімдік-әдістемелік дайындығын қалайды.

Абай өлеңдерінің терең мазмұнына бойлау үшін сабақты интеграциялық байланыста жүргізу бірден-бір тиімді әдіс болып табылады.

Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқытқанда оқушылардың 5 сыныпта оқыған «Интернат наны» (Ш. Мұртаза) мәтінімен байланыстыру арқылы кең ұғым беруге болады. Осы тұста тарихи жағдай ықпалын да сөз ету керек. Әсіресе, Абай өлеңдерін оқытқанда, тарихи жағдайға соқпай өтуге болмайды.

Ақын өлеңдері өз заманының шындығын бейнелейді. Оны жалаң күйде бүгінгі ұғым, түсінікпен айту өлеңнің ішкі мазмұнын жоғалтады. «Интерната оқып жүр» өлеңіндегі «Ойында жоқ олардың шарифатқа шаласы» – деген жолдар Абай заманындағы ел арасының бүліншілігінен хабар береді. Сол тұстағы білім алудағы тар ұғым, түсініктің қалыптасқанын аңғартады.

Оқудағы мақсат арыз, шағым жаздыру, сот ісінде бедел көтеру, біреуден есе қайтару дегендерге саяды. Мұның өзі отаршылдық алып келген саясат салдарынан қазақ елінің ішкі жағдайының өзгеруін көрсететінін ашып айту керек.

Абай білім алудың мақсаты бұлардан әлдеқайда жоғары екендігін айтатынын ұғындыра отырып, әңгімені бүгінгі жағдайға бұрған орынды.

«Нан таппаймыз демейді,

Бүлінсе елдің арасы» – деген сөз бүгінгі қоғам құрылысы бір түрден екінші түрге ауысып, жер жүзінде идеялық түсініктерге өзгеріс еніп жатқанда халық көріп отырған қиындықты жеңу жолы – ел арасының бірлігі деген ұғымды биіктету және ел бірлігі деген түпкі тек сонау түркі қағанаты болып құрылғаннан бері келе

жатқан мызғымас тұрақты ұғым екендігін ұрпақ көзқарасы мен дүниетанымына негіз етіп қолдану керек. Ол үшін өлеңнің негізгі ой-түйіні ретінде көрінетін тұсын анықтап, ол бойынша түрлі-түрлі жұмыстар жүргізу қажет.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту бастауыш сыныптардан басталып, орта буында, жоғары сыныптарда түгел қамтылады. Абай шығармаларын бастауыш сыныптарында оқытқанда, оқушылардың ассоциациялық ойлауы мен қиялын дамытатын әдіс-тәсілдер пайдалану орынды деп есептейміз.

Мысалы, Абайдың табиғат лирикасынан «Күз» өлеңін оқытқанда мына тектес сұрақтар беруге болады.

1. Күз сөзі көз алдымызға қандай көріністерді елестетеді?
2. Күз сендерге қандай сезім-күй туғызады?
3. Күз қандай түсті елестетеді?

Сұрақ, тапсырмаларға берілген жауаптарды жинақтап, оқушылардың дәптерлеріне немесе тақтаға еркін жазу, яғни оқушы жауаптары бойынша жүйесіз жазып шығу керек. Жинақталған «ым» – түсініктерден оқушы өз ассоциациясындағыларын бөлек теріп жинақтайды, оларды топтастырып шығуға болады.

«Қыс» мезгілін оқытар алдында берілген сұрақтарға «қар», «қырау», «аяз», «үскірік», «шаңғы теуіп жүрген балалар», «сырғанақ», «аяз ата», «шыршаны жағалай айналған балалар», «жаңа жыл», «қатып жатқан сулар, өзендер», «қар үстіндегі адам іздері» алуға болады. Қысты оқушылардың барлығы бірдей ақ түсті табиғи деп таниды.

Көктем белгілеріне қатысты қойылған сұрақтарға «қар ериді», «жаңбыр», «үйлердің шатырына қатқан мұздардың еріп, тамшылап тұрғаны», «8 – наурыз», «құстар жылы жақтан оралғаны» «ағаштар гүлдейді», «жан-жануар ояна бастағаны», «дән егіп жатқан диқаншы» сияқты жауаптар қайырады. Оқушылар көктемді әр түрлі түспен елестетеді. Бір оқушы жасыл түсті, біреуі қызыл қызғалдақ түсін елестетеді. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастырудағы басты мақсат оқылатын шығарманы дұрыс, өз дәрежесінде қабылдауға жағдай туғызу, оқушы қиялын ұштау болып табылады.

«Күз» өлеңінде Абай бұлттың түсін неліктен басқаша қолданбай, (қара бұлт, ақ бұлт, ақша бұлт, т.б) «сұр бұлт тіркесімен берген? немесе «дымқыл тұманның ерекшелігі қандай?» деген сұрақтар табиғат ерекшеліктерін тереңдей ұғуға әрі жете түсінуге жетектейді.

Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрыңғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай, – деген жолдарға назар аударта оқыту оқушы ойын, ассоциациялық қиялын күз көріністерімен толықтырады, жаңа ұғым, түсініктерге, сезімге ойыстырады. Өлеңнің келесі жолдары сол ұғымдардың бояуын қанықтырып, өлеңнің әлеуметтік мәнін түсініп қабылдауға жол ашады. Оқушы санасында Абай бейнелеген күздің тұтас суреті орнығады. Оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін үйлесімді етіп тандап ала білуге байланысты. Себебі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал сабақтың мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық, шығармашылық еңбегі, сондай-ақ сабақта оқыту мен тәрбиенің міндеттері, мақсаттары жүзеге асырылады, оқушылардың ой - өрісі кеңіп, қабілеті шыңдала түседі, өмірге деген көзқарасы қалыптасады.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге творчестволықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

07.02.2022 ж. № P00021

**Дене тәрбиесі пәні бойынша сыныптан тыс
жұмыстардың оқушы денсаулығына пайдасы**

ЕРГЕШ НҰРҚАНАТ ТӨРЕХАНҰЛЫ

Шымкент қаласы С. Нұрмағамбетов атындағы "№72 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда қоғамның салауаттылығы маңызды сипатқа ие.

«Дені саудың – тәні сау» деп көне Рим ойшылы Юневал айтпақшы, әр адам өз денсаулығының кепілі. Сондықтан өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтының қағидаларын құлаққа сіңіре берсе, оларды сол жолға тәрбиелейтін іс-әрекеттерді басты назарда ұстаса, берер нәтижесі де оңды болары анық. Өйткені қай қоғамға болсын дені сау, жігерлі де ширақ, білімді де салауатты ұрпақ, жан-жақты шыныққан азамат қажет. Ал дені сау, ширақ та шыныққан ұрпақ тәрбиелеудің бір ұшығы әрбір мектептегі дене тәрбиесі пәні мұғалімінің қолында екені сөзсіз. Ұрпақ денінің саулығы - ұлан асыр байлық, тек оны сақтау үшін жүйелі де жоспарлы жұмыс жүргізе білу қажет. Себебі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымдарының деректеріне сүйенер болсақ, денсаулыққа әсер ететін факторлардың 50-60 пайызы адамның өмір тіршілігіне, 20 пайызы тұқым қуалаушылыққа, 20 пайызы сыртқы ортаның жағдайына, 8-10 пайызы дәрігерлік көмектің деңгейіне байланысты екен.

Бұдан шығатын қорытынды, адам денсаулығын сақтаудың негізгі бағыты салауатты өмір салтын ұстауда, соның ішінде дене шынықтырумен жүйелі айналысуда жатқандығын анық байқауға болатындығы. Сол себепті мектептегі оқушының денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты тұлғаның психологиялық және дене қимыл әрекетінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеріп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға баулу және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға дағдыландыру болып табылады.

Ал спортпен шұғылдануды тек сабақ процесінде ғана жүзеге асырып қана қоймай, сыныптан тыс мезгілде де іске асыру дене тәрбиесі пәні мұғалімінің міндеті деп білемін.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты - баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу болып табылады.

Дене шынықтыру пәні бойынша сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруды төмендегі бағыттар бойынша жүргізуге болады:

- I. Спорттық секциялар.
- II. Аула клубтары жұмыстары.
- III. Туризм.
- IV. Көпшілік мәдени шаралар
- V. Тәрбие сағаттары
- VI. Отбасылық жағдайында
- VII. Тренингтер
- VII. Жазғы сауықтыру лагерлері.

Бұл бағыттардың барлығы да оқушының спортқа деген қызығушылығын оятатын шаралар ғана емес, олардың сана-сезіміне әсер етумен қатар, денсаулығына ықпалы зор дүниелер болуға тиіс.

Сондықтан дене тәрбиесі пәні мұғалімі осы ұстанымды өзіне басты мақсат етіп алуы тиіс деп есептеймін.

Ал осы жоғарыда айтылған бағыттардың қамтитын шараларына тоқталар болсам, оларды былайша саралап көрсетуге болады:

СПОРТТЫҚ СЕКЦИЯЛАР: Волейбол, баскетбол. Футбол, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақт.б.

Аула клубтары жұмысы: Спартакиадалар, турнирлер, спорттық түрлі сайыстар т.б.

Туризм: түрлі саяхаттар,

Көпшілік мәдени шаралар: Ұлттық ойындар сайысы, отбасылық спорттық сайыстар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары

Тәрбие сағаттары: мәдени іс-шаралар, кездесулер.

Отбасылық жағдайында: үй жағдайындағы жаттығулар,

Тренингтер: Спорт түрлерін насихаттау, салауатты өмір қалыптастыруға бағыттау, денсаулыққа зиянды әрекеттерден аулақтату, дене тәрбиесіне қатысты білімдерін жетілдіру бағытындағы шаралар.

Жазғы сауықтыру лагерлері: Балалардың денсаулықтарына қарай түрлі жаттығулар, спорттық ойындар, сайыстар.

Міне осындай шаралар мектептегі дене тәрбиесі сабағындағы сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал дене тәрбиесі пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу арнайы жоспар, бағдарлама бойынша іске асырылуы тиіс, яғни бұл шара мектеп директоры бекіткен, заңды құжаттар болуы қажет. Сондай-ақ оқушының жас ерекшелігі, денсаулығына қарай мүмкіндігі ескерілуі міндетті болып табылады. Мектептегі дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың есебін жүргізу, дене тәрбиесі ұжым кеңсесінің жоспарына және мектептің дене тәрбиесі жөніндегі жылдық және жоспарларының орындалуына бақылау жүргізуді жеңілдетеді. Ол арнайы есеп жүргізу құжатында жұмыс істелінген саны мен сапасын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Есеп жүргізу жауапкершілігін дене тәрбиесі мұғалімі өз мойнына алады. Әрбір мектепте бұқаралық дене тәрбиесі мен спорт жұмыстарын тіркеп отыратын “сыныптан тыс жұмыстар есебінің журналы” жүргізілуі қажет. Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы негізінен дене тәрбиесі кеңесінің мүшелері, белсенділері тіркеп отырды.

Дене тәрбиесі мұғалімінің міндеті - белсенділерге есеп жүргізуді үйрету және оның жүргізілуін бақылап отыру. Дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылы аяғыда директордың қатысуымен өтетін педагогикалық кеңесте немесе мәжілісте сыныптан тыс өткен жұмыстар туралы есеп беріп отырады. Оқу жылы соңында дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылы ішінде атқарған жұмыстары жөнінде және он талдап, жетістіктер мен кемшіліктерді көрсетіп келесі оқу жылында істі жақсарту ұсынысын айтып, жоба есеп береді.

Дене тәрбиесінің сыныптан тыс жұмыстарын жоспарлау мына құжаттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Дене тәрбиесінің сыныптан тыс жұмыс жоспарында ;
2. Бұқаралық спорт жұмыстарының күнтізбелік жоспарында;
3. Дене тәрбиесі ұжымы кеңесінің жұмыс жоспарында;
4. Секция жұмысының оқу жоспарында;

Мектептегі сыныптан тыс жұмыстың есебін жүргізу құжаттары:

1. Сыныптан тыс жұмыстардың есебін жүргізу журналы.
2. Үйірме және секция жұмыстарын жоспарлау және есеп журналы
3. Дене тәрбиесі жетекшісінің күнделігі.
4. Дене тәрбиесі ұжымы жұмысының есебін жүргізу журналы.

Ал енді осы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда басты басшылыққа алатын кейбір мәселелерге тоқталар болсам, адам ағзасының негізгі қызметінің қалыптасып жетілуі баланың жастық шағында, әсіресе мектеп жасында (6-14 жаста) жүзеге асады. Сондықтан осы кезеңде оған әсер ететін факторларды барынша тиімді пайдалану қажет. Сыныптан тыс ұйымдастырылар шаралардың қай-қайсысы да балалардың қалыптасып жетілуіне, санасына, жан-жақты дамуына ықпал ете алатындай болуы шарт.

Мысалы, серуендер мен жорықтарды балалардың табиғат туралы білімдерін толықтыра алатындай, тамаша адамдардың әңгімелерін ести алатындай, денсаулығына пайдалы болатындай жерде белгіленген жөн. Ал сыныптан тыс денені шынықтырудың жолдарының бірі - олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі -таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуына әсерін тигізіп қана қоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып,тыныс алуды жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, оқушылардың зеректігін, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады.

Сондай-ақ, «Тән қуаты болса, жан қуаты да ажарлы болады» - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай,ертеңгілік бой сергіту жаттығулары оқушыларды тәртіптілік пен бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді.

Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдардың бірі – табиғат факторлары. Күннің көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау сауықтыру жұмысы кезеңінде пайдалану өте тиімді болады.Сыныптан тыс шаралар кезінде осы мәселерге де баса назар аударып, жоспарлы түрде сауатты жұмыс жүргізіп отыру қажет.

Қорыта келе айтпағым,дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Оның негізгі міндеттерінің бірі балалар мен жеткіншектердің арасында дене шынықтыру – сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста қаланады. Тек қана осы кезеңде дене жаттығуларымен айналысу қажеттілігі қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады, спортқа қызығушылық қалыптасады.

Жастардың жан - жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз.

Адамның салауатты өмір салты қозғалыс белсенділігімен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Табиғат өскелең ұрпаққа қозғалу қажеттілігін сыйлаған деп айтуға болады. Бірақ, қазіргі кезеңдегі адамның бала кезінен қозғалыс белсенділігінің жетіспеушілігі байқалады. Үйде, бала бақша мен мектептерде балалардың қозғалыс мұқтажы өте төмен.Бала денсаулығын сақтаудың алғы шарттарының бірі – қимыл-қозғалыс деңгейі.

Адам тіршілігіне ауа, су, тамақ қандай қажет болса, белгілі деңгейдегі қозғалыстың да маңызы сонша. Сондықтан оны өмір сүрудің ең басты шарттарының бірі ретінде есептеу керек. Табиғаттың өзі адамның қолына физиологиялық теңдесі жоқ денсаулық тәсілін беріп отыр, ол- қимыл-қозғалыс, дене жаттығулары. Бәрі де адамның ынтасына, жігеріне, әркімнің өз басының тікелей жауапкершілігіне байланысты.

Ал қимыл-қозғалыстың аздығы (гипокенезия) – денсаулықты бұзатын себептердің бірі.

Сол себепті де балалар мен жасөспірімдердің ағзаларының (жүрек, қан тамыр, тыныс жүйелерінің және т.б.) функционалдық мүмкіншіліктерін арттыратын, жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратына дамыту әсерін беретін және гиподинамиялық өтімділікті алдын алу үшін дене тәрбиесі мен спорт сабақтарында жеткілікті шұғылдану қажет болып саналады.

Мектепте де оқушылардың дене тәрбиесі сабағынан білімін жетілдіру керек, өйткені дене жүктемелерін дұрыс қолдану, оны ары қарай жетілдіру жолдарымен оқушы жастар таныс емес.

Дене жүктемелерінің адам ағзасына пайдасы мен қаншалықты әсер ететінін осы дене тәрбиесі білімі арқылы көпшілікке жеткізу дене тәрбиесі мен спорт мамандарының міндеті болып табылады. Бұл тек күнделікті сабақ үстінде ғана емес, сыныптан тыс шараларды да жүйелі жүргізу арқылы да іске асуы тиіс.

№ Q00028 05.02.2022 ж.

Сауат ашу әлеміне саяхат

БАЗАРБАЕВА ЗУЛЬФИЯ АЮКЕЕВНА

Ақтөбе қаласы «Ақ-Нұр» балабақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі:

Сауат ашу негіздері, сөйлеуді дамыту, сурет салу.

Тақырыбы: Сауат ашу әлеміне саяхат.

Білімділік міндеті: Өткен әріптер мен дыбыстардың жазылуын, оқытуын пысықтау, байланыстырып сөйлеуге үйрету, жазуға қолдарын жаттықтыруды жалғастыру. Сөз, буын, сөйлем тақырыптарын қайталау. Тірек сызбалар арқылы сөйлемдер құрастыру, ребус, сөзжұмбақ шешу;

Дамытушылық міндеті: Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын, сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту;

Тәрбиелік міндеті: Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа баулу. Таза, ұқыпты жазуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: әріп қималары, әр балаға жеке касса, үлестірмелі суреттер, маркер, тірек сызбасы, карточкалар, цифрлар, үн таспа, айналар.

Әдіс-тәсілдер: Өңгімелесу, сұрақ-жауап, АТК.

Тілдің үштұғырлығы: дыбыс – звук, сөз ойлау- придумать слово, саяхат- путешествие, сөйлем- предложение, тапсырма- задание, әтеш – петух

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Мотивациялық-қозғаушылық:

-Сәлеметсізбе!

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты,

Қайырлы таң, алтын күн!

Қайырлы таң, қайырлы күн!

-Балалар бүгін мен сендерді сауат ашу әлеміне саяхатқа шақырамын, онда кішкене шағын елдер бар екен, сол елдерде өздерінің сиқыршылары бар, олар әр түрлі сұрақтар мен тапсырмаларды бергенді ұнатады.(әр тапсырманың қасына сиқыршы бейнелерін қою)

Ал саяхатқа қандай көлік түрлерімен баруға болады?

-Автобус, жеке көлік, ұшақ, пойыз, жолаушылар кемесі, су көлігі.

- Балалар саяхатқа қандай көлікпен аттанатынымызды 1 саны бар тапсырманы орындағанда білетін боласындар.

Енді орнымызға отырып, 1 саны бар тапсырманы орындаймыз ,нүктелерді бір-біріне қосамыз.

Балалар қарындашпен нүктелерді бір-біріне қосып кемеңіздің сұлбасын алады.

-Саяхатқа немен аттанады екенбіз?(Экраннан кемеңіздің суреті шығады)

-Кеме

Барлықтарында кеме шықты ма?

-Ия

Тапсырманы дұрыс орындағандарын үшін мен сендерге мына әріпті тарту етемін?

-Ж, әрпі (фланелеграфқа « Ж»әрпін қоямыз)

Ұйымдастырушылық-ізденістік

-Алдымызда әлі көптеген тапсырмалар бар, әр тапсырманы орындаған сайын сиқыршылар бір әріптен тарту етеді, саяхаттың соңында қандай сөз шыққанын көреміз

Саяхатқа шықпас бұрын тіл ұстарту жаттығуын қайталау:

Ән-ән-ән —

Қамба толы дән.

Ән-ән-ән —

Әжем айтқан ән.

Ән -ән-ән —

Құрып жүрген сән.

Экранға назар аударайық, 2-ші тапсырма.

«Сиқырлы әріптер мен сөздер әлемі»

Дискты қосу.(«Б» дыбысына қатысты сөздер қайталанады)

Енді балалар қима кассадан «Б» әрпін табайық, кім көрсетеді?

-«Б» әрпі дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз ба?

дыбыс – звук

Ендеше барлығымыз алдымыздағы айнаны алып Б дыбысын айтып көрейік.

-Неге дауыссыз?

-Өйткені Б дыбысын айтқанда ауызымыз ашылмайды, дыбыс еркін шықпайды.

-Жаксы балалар сендер екінші тапсырманы да орындадыңдар, көрейікші сиқыршылар елінде сендерге қандай әріпті дайындап қойыпты, мынау қандай әріп?

-А әрпі(фланелеграфқа «А»әрпін қоямыз)

Саяхатымызды жалғастырайық.

3 саны бар тапсырманы қарайық.

Тірек сызбалалар арқылы сөйлем құрастыру.

Мысалы: -Мен автобуска отырдым.

-Сөйлем неше сөзден тұрады?

-Үш сөзден тұрады.

Балалар тірек сызбалар арқылы бірнеше сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады (Жұптық жұмыс)

-Неше сөзден тұратын сөйлем құрастырдың?

-Келесі сөйлемді құраймыз.

-Мұнда қандай әріп жасырынып тұр екен?

-Мынау қандай әріп?

-Р әрпі(фланелеграфқа «Р»әрпін қоямыз)

Сергіту жаттығуы:

Қане, қанат жазайық,

Ұшақ боп ұшайық.

Ұшып-ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

Келесі бізде 4 тапсырма

Дидактикалық ойын: «Ғажайып текше».

Мақсаты: Дыбыстық талдау жасау.

Шарты: балалар шеңбер болып тұрады. Текшенің 6 жағында дыбысқа байланысты суреттер жабыстырылады. Текшені айналдырып, ортаға лақтырады. Қандай сурет түссе, сол суретке дыбыстық талдау жасау

Мысалы: *әтеш, әже, әке* т.б.

Мысалы: Әтеш деген сөзді жеке жұмыс кассасынан жазып көрсету.

әтеш – петух

Астына қызыл, көк текшелермен белгілеп дауысты, дауыссыз екенің ажырату.

Балалар ,мынау қандай әріп екен?

-А, әрпі(фланелеграфқа «А»әрпін қоямыз)

Экранға назар аудару

-Балалар, келесі тапсырма, «Жоғалған буындар» деп аталады.

Буындардан сөз құрайды

М: Ба-қа, Со-на. Ба-ла

Бақа-лягушка,

Келесі әріп, қандай әріп екен?

Й, әрпі

(фланелеграфқа «Й» әрпін қоямыз)

Келесі елге жеткенше біраз отырып тыңғып алайық

Сергіту жаттығуы:

Жаңылтпашты жаңылмай айт.

Әсел әсем бе, Әсем әсем бе,

Әсем әсем бе, Әсел әсем бе?

Жаңылтпашты қайталап, жаңылмай айтуға жаттығады.

-Балалар, келесі тапсырмаға назар аударайық

(Сурет қарастыру арқылы сөйлем түрлерін қайталау)

-Мен балабақшаға келдім. Қандай сөйлем?

-Хабарлы сөйлем.

-Неге хабарлы сөйлем?

-Өйткені хабарлап айтып тұр.

- Сен бүгін далаға шықтың ба?

-Қандай сөйлем?

-Сұраулы сөйлем

-Неге?

-Өйткені далаға шықтың ба, -деп сұрап тұр.

-Алақай! Алақай!, атам келді!

-Қандай сөйлем?

-Лепті сөйлем.

-Өйткені қатты қуанышын білдіріп тұр.

-Жақсы сендер бұл тапсырманы да дұрыс орындадыңдар, сол үшін сендерге мына әріпті дайындап қойыпты?

-Мынау қандай әріп?

-С әрпі (фланелеграфқа «А» әрпін қоямыз)

Саяхатымызды жалғастырайық.

Алдарындағы 7-ші нөмірлі карточканы аламыз.(Экранға шығару)

Мына үлгіге қарап автобустың дөңгелектері мен терезелерін штрихтап бояймыз.

Ол үшін қолдарымызды жазуға дайындап, саусақ жаттығуын орындайық

Саусақ жаттығуы.

Штрихтау технологиясы.

Балалар тапсырмаларды дұрыс орындағандары үшін Ы әрпін алады
(фланелеграфқа «Ы» әрпін қоямыз)

8- ші нөмірлі карточканы қарайықшы балалар мұнда әр түрлі заттардың суреті бар екен ия, сендер сол суреттерге сәйкес алдарындағы қима кассаларды қолданып сол сөздерді жазамыз.

Келесі тапсырма,(балалар ребустар шешеді).

Суреттер мен әріптерді құрап ребустар шешеді
-Мына жерде қандай әріп жасырынып тұр екен?

Р әрпі (фланелеграфқа «Р» әрпін қоямыз)

Балалар бүгінгі тапсырмаларымыздың бәрін орындап болдық, енді тақтаға назар аударайық ,қандай сөз шықты?

Қол шапалақтау әдісі арқылы буынға бөліп айтқызады.

Жа-рай-сын-дар!

Балалар бір-бірлеріне жарайсындар деп көрсетеді.

Балалар осымен саяхатымыз аяқталды , балабақшамызға оралайық.

Бүгінгі саяхатымыздан қандай әсер алдыңдар?

Несімен қызықты болды?

Рефлексиялық-түзетушілік:

-Бүгін қайда саяхатқа бардық?

-Саяхатта қандай тапсырмалар орындадық?

-Бүгін қандай дыбыстарды қайталадық?

МАЗМҰНЫ

- БАЙНАЗАРОВ ТАЛГАТ ДИЛЬДАБЕКОВИЧ
- БАТЫРБЕКОВА ЖИБЕК ТИЛЕУХАНОВНА
- ДУЙСЕМБЕКОВА КАРГАШ ЕЛЕУОВНА
- ТОКСАНБАЕВА РАУШАН АБДИМОМИНОВНА
- ТОЛЕГЕНОВА ЖУЛДЫЗ ИТЕМГЕНОВНА
- БЕКИМОВА ДАНАГУЛЬ ТЕЛТАЕВНА
- КАСПАКБАЕВА ЖАНАР ЖОЛДАСБЕКОВНА
- ДОСЫБАЕВА САЯ БОЛЫСБАЕВНА
- БЕСБАЕВА АҚМАРАЛ ЖАМАЛХАНОВНА
- ҚОЖАЛИЕВА ҰЛБОСЫН БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ
- ҚҰРАЛОВА ӘДИЛА СӘБИТҚЫЗЫ
- ЕРГЕШ НҰРҚАНАТ ТӨРЕХАНҰЛЫ
- БАЗАРБАЕВА ЗУЛЬФИЯ АЮКЕЕВНА